

АҚМЕШІТ

жастары

Қызылорда облыстық жастар газеті

Жаннан қымбат оларға ар,
Мен жастарға сенемін.

Мағжан



№ 16 (449)
21 сәуір, 2022 жыл

6+



Газет 2013 жылдың
қыркүйек айынан бастап шығады

«БИШІЛЕРГЕ ҚОЛДАУ КЕРЕК»



Оның өнерге деген құлшынысы өзгелерге ұқсамайды. Басқалар айналадан бір ғана құбылысты байқаса, оның шығармашылық әлемі сан түрлі бояуды көреді. Бүгінгі газет көіпкері Тимур Анджиановпен тілдесу барысында біз осындай талантты байқадың. Халықаралық хореографтар мерекесі қарсаңында жазылған сұхбат хас өнердің бірі – би тақырыбына арналды.

– Тимур, осыған дейін қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, мектеп психологы сынды мамандықтар бойынша білім алған екенсіз. Би өлеміне қалай келдіңіз? Әдетте қазақы қоғам ер баланың өнерге жақын болуын құптай бермейді. Бұл кедергі сізге де кездескен болар?! –

– Иә, менің бірнеше мамандықтан кейін барып хореографияға кеш келуіме дәл осы қазақы менталитет әсер етті. Өйткені ауылдық жерде, Сырдария ауданы, Тереңөзек кентінде дүниеге келгенмін. Өкем ертеректе қайтыс болған соң нағашы ата-әжемнің қолында өстім. Ол кісілер өнерге келуіме түбегейлі қарсы болды. Анам күні бойы жұмыста әрі өзім үйдің үлкені болған соң барлық жауапкершілік менде болды. Бала күнімде үй тірліктерімен жүріп, өнерден шет қала бердім. Ал мен тек биге ғана емес, костюм тігуге, тамақ дайындауға, әрлеу жұмыстарын жасауға, жалпы шығармашылық пен әдемілікке қатысты дүниелерге қызығатыным. Мектеп қабырғасында жүргенде ақындар мұшайрасы мен Абай, Мұқағали оқуларына да қатысып жүрдім. Тоғызыншы сынып бітірген уақытта

дәрігер немесе педагог мамандығын таңдауым керек болды. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнін таңдаудағы себебім, ол мамандық дикторлық пен жүргізушілікке, шығармашылыққа жақын болатын. Кейін екінші мамандық ретінде психологияны оқыдым. Осы салаларды үздік бітірген соң ауылда бір жыл мектеп мұғалімі болып жұмыс істедім. Бірақ уақыт өте келе бұл саланың менікі емесін түсіндім де, хореографияға кетуге шешім қабылдадым. Сол үшін екі жылда бір рет болатын жалпыреспубликалық кәсіподақ ұйымдастыратын байқауға би жанры бойынша қатысып, бақ сынадым. Байқау кезінде Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің мұғалімі Салтанат Сұлтанғазиева өнерімді бағалап, оқуға шақырды. 24 талапкермен бірге қайта ҰБТ тапсырып, грант негізінде оқуға түстім. Анам бұл уақытта да биші болуыма қарсылық білдірді. Оқу орнында менің қатарым болмаған соң басқа талапкерлермен бірге кәсіби би өнерін үйрену қиындық туғызды. Осылайша 25 жастан асқан уақытта өнердегі жолым басталды. Анам өнерге деген махаббат пен сенім сыйлады, сондықтан барлық жеңісім анама арналады.

– Ал «Реверанс» би ансамблі қалай құрылды?

– 2017 жылдары Назарбаев зияткерлік мектебінде тәрбиеші қызметін атқардым. Бірақ мендегі өнерге деген құлшыныс пен армандарым Шымкент қаласына баруға жетеледі. Сол қалада кәсіби білімі болмаса да алты ер баланы

жинап, костюм тіктіріп, үш би түрін үйреттім. Ол балалар даяшы, студент, оқушылар еді. Соған қарамастан он сегіз күн ішінде оларды биге үйретіп, тойда өнер көрсететін «Реверанс» атты топ құрдым. Байқасаңыздар, тойда үнемі қазақша киінген қыздар ғана билейді, ал мен ерекше болсын деген оймен тек ер жігіттердің билегенін қаладым. Бірақ өзімді кәсіби маман ретінде көрсету үшін қайырымдылық концерттер, облыстық іс-шаралар, жыл сайын өтетін көрмелерге де қатысып жүрдік. Арада біршама уақыт өткен соң топқа қыздар қосылды. 2020 жылы сол құраммен, яғни жеті қыз, жеті ұлмен Тереңөзек кентінде «Туған жерге тағзым» деген есептік концерт бердік. Бірақ карантиннен соң бишілердің қайта сахнада өнер көрсетуі оңай болған жоқ. Десе де би қою барысында кәсіби шеберлікке баса мән беремін. Содан болар топтың жетістігі аз емес. Жуырда Шымкент қаласында өткен байқаудан бишілер бас жүлдені иемденді. Өткен оқу жылында мектептің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары қызметімді тастап, түбегейлі хореографияға ауыстым. Әрі сол жылы «Тимур Анджиановтың авторлық би студиясын» аштым. Студия қазір ақылы түрде жұмыс істейді. Құрамында 25 бала білім алады. Олардың да жетістігі көңіл қуантады. Жоғарыда айтқан Шымкентте өткен байқауға 44 бала апардым. Студиядағы бір де бір баланы қалдырмай, жарысқа қатыстырдым. Өйткені ата-ана жол қаражатын өтеп отырған соң баланың ерекшелігін ескере отырып, кәсіби шыңдалғанын қаладым. Содан бері барлық байқаудан бас жүлдені иеленіп келеміз.

Бишілердің тағы бір жетістігіне тоқталсам, жуырда ғана облыстық «Таңшолпан» байқауы ұйымдастырылды. Жыл сайын вокал жанры бойынша өткізілетін шараға биыл хореографияға да қосылды. Бұл жерде уақыт аздығынан біз іріктеу кезеңіне қатыспай, бірден финалға шықтық. Ережеге сәйкес болмаған соң орын аламыз деп ойлаған жоқпыз. Бірақ мен үшін жүлдеден бұрын бишілердің сахнада кәсіби түрде шыңдалуы, жаңа бағытта дамуы маңызды еді. Финалда алты жігіт, алты қызбен шығыс биін ұсындық. Нәтижесінде екінші орынды иелендік.

– Бұл салада сізді қандай мәселе алаңдатады?

– Облыста кәсіби түрде жол көрсететін, жоғары деңгейде би байқауларын ұйымдастыра алатын ұстаздарымыз жеткілікті. Десек де әлі күнге дейін бұл жағдай қаржылық тұрғыдан шешім таппаған. Байқау кезіндегі дайындықты, костюмдерді, жол қаражатын ата-ана көтереді. Бізге қолдау жоқ. Биыл «Балалар жылы» қарсаңында «Реверанс» би ансамбліне бес жыл, мектептегі би тобына үш жыл, студияға бір жыл толуына орай шәкірттеріміздің шығармашылық концертін бергім келеді. Осы мақсатта қандай да бір қолдау көрсетілгенін қалаймын.

– Сұхбатыңызға рақмет!

Әңгімелескен
Гүлдана НҰРТАЙҚЫЗЫ

Бүгінде ғылым саласы абыройлы әрі табысты бағытқа айналып келеді. Ғалымды зертханада уақыт өткізетін білім жанкештісі деген қасаң түсінік жойылып, мәртебелі маман санатында қарау қалыптасуда. Бұған отандық ғылымдағы өзгеріс пен мемлекеттік бағдарламаның ықпал еткені анық. Тіпті Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ғылым саласына ерекше көңіл бөлу қажетін айтты. Мұның барлығы ғылымның биіктеуін, идеялардың тұрақтылығы мен іске асырылуын қамтамасыз етті.

Биыл да салада оң өзгеріс жетерлік. Ең алғашқы ілгерілеушілік – ғылыми әлеуеттің артуы. Оны Web of Science журналдарындағы қазақстандық авторлар саны 45 процентке көбейгенінен аңғаруға болады. Сондай-ақ өзге де халықаралық баслымдарда отандық зерттеушілердің еңбегі жиі жариялануда. Жыл сайын беделді базалардағы мақала мен көрсеткіш деңгейі өсіп отыратынын ескерсек, жариялым саны отандық ғылымның потенциалынан хабар береді. Әсіресе, нәтижелі зерттеу жүргізу үшін журналдардағы мақала көрсеткішін де естен шығармаған жөн. Сондықтан да Scopus, Web of Science базасындағы өзгеріс жетістік бастауы екені сөзсіз.

Ғалымдарға жалақы мөлшері ең басты кедергіге айналғаны жасырын емес. Табыс көрсеткіші көңіл көншітпегесін өзге салаға ойысқан қаншама ғалымның оқиғасынан хабардармыз. Ойға алған ауқымды зерттеуді жүргізу үшін де қомақты қаржы керектігі анық. Осының бәрі жастардың техникалық мамандыққа бет бұрып, жаңа толқынның ғылым саласындағы үлесін төмендеткен болатын. Осыған орай Білім және ғылым министрлігі көптеген жобаны жүзеге асырып, бірқатар заң жобасына өзгеріс енгізуге қол жеткізді. Жақында өткен Үкімет

өзгеріс енгізуді тапсырды. Осылайша заң жобасы дайындалып, Президент 15 қарашада тиісті құжатқа қол қойған болатын. Нәтижесінде биылдан бастап 1200 ғалым ай сайын конкурстан тыс тұрақты айлық алады. Сонымен қатар ауқымды зерттеумен айналысатын институттардың

100 процент штаттық құрылымы еңбекақымен қатар ғылыми жұмысқа қажетті қаржыландыруға қол жеткізді.

Оған қоса сатып алатын қондырғыларға да қаражат бөлініп, орташа жалақы мөлшері артқан.

«Бұрын ғалымдардың орташа жалақысы 152 мың теңге болса, енді ол 257 мың теңгеге өсіп, 1,5 миллион теңгеге дейін өзгеріп отырады. Бұрын ғалымдардың жалақысы конкурстардың нәтижесіне байланысты болатын. Енді қабылданған заңнамалық түзетулердің арқасында жетекші ғалымдардың жалақысы базалық қаржыландыруға қосылды. Бұл ретте төленетін қосымша авторлық сыйақының жалпы сомасы

338 млн теңгеге тең. Ал инновациялық жобаларды сатудан түскен табыс 16,3 млрд теңгені құрады», – дейді БҰҒМ Ғылым комитетінің төрағасы Жанна Құрманғалиева.

Ғалымдарға жасалған жағдай мұнымен толастамақ емес. Жақында ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайылов Үкімет отырысында аталған мәселеге байланысты бірқатар ұсыныс жасап, салаға серпін беретін өзгерістерді атаған болатын. Оның ішінде Қазақстан ғылымын дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын қабылдау, жас таланттарды іздеу және оларды ғылымға тарту механизмін

ҒАЛЫМДАРДЫҢ ЭБ ПРОЦЕНТІ – ЖАСТАР

отырысында Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов аталған мәселеге байланысты тың мәліметпен бөлісті:

«Ғылыми әлеуеттің төмендігі ғалымдардың жалақысына байланысты болды. Ғалымдарда тұрақты жалақы болмады. Жалақы үш жылда бір рет қана өткізілетін конкурстарда жеңіске жеткенде ғана төленетін. Ал ұлттық сипаттағы іргелі зерттеулермен, яғни тілге, әдебиетке, тарихқа, философияға қатысты зерттеулермен айналысатын институттардың жағдайы мүлдем қиын еді. Конкурстардан грантты жеткілікті деңгейге

жеңбеуіне байланысты тұрақты жалақы мен үздіксіз зерттеулер жүргізуге мүмкіндік болмады. Ғалымдар бұл мәселені ұзақ жылдар көтерді. Мемлекет басшысының Жолдауда берген тапсырмасының арқасында «Ғылым туралы» заңға өзгерістер еніп, бұл мәселе толығымен шешімін тапты. Нәтижесінде төрт мыңнан астам ғалым тұрақты және үздіксіз жалақы алатын болды», – деді министр.

Айта кету керек, мұндай бастаманың қолға алынуына Президенттің ықпалы зор балды. Мысалы, өткен жылы Мемлекет басшысы ғалымдардың әлеуетін көтеру бағытында заңға

пысықтау, әлеуеті жоғары ғалымдардың ақпараттық базасын жасақтау бастамасы енеді. Сондай-ақ Ұлттық Ғылым академиясына мемлекеттік мәртебе бере отырып, институционалдық трансформациялау, Ғылым қорының экономикалық тиімділігін арттыру ісін де тілге тиек етті.

Жалпы қазіргі таңда Қазақстанда 30 мыңға жуық ғалыми кадр бар. Оның 36 проценті – 35 жасқа дейінгі ғалымдар, 39 проценті – орта жастағылар. Бұл дегеніміз, сала әлі талай реформаны талап ететінін білдіреді.

Берен ШАҒЫРОВ

БІЗДЕ «БАЛА ҚҰҚЫҒЫ» БАР МА?



Адам құқығының қорғалуы, құқықтық, жыныстық теңдік – өркениетті елдердегі қалыпты, тіпті, қажетті жағдай. Бұл жағынан келгенде біздің қоғамда әйелдер мен балалар құқығының жиі тапталуы, физикалық, психикалық зорлық көруі, әлпәдетті аяқпай-ақ көзге көрінетін ашық мәселеге айналды. Статистиканы сөйлестсек, елімізде 11-15 жастағы әр бесінші қазақстандық жеткіншек ай сайын буллингтің құрбаны немесе қатысушысы болады екен. Буллинг дегеніміз сөзбен, яғни психологиялық қысым көрсету немесе күш көрсету арқылы адамның өзгені кемсітуі, қорлауы. Оның салдары қайғылы аяқталған кез аз емес...

ӘН ӘЛЕМІНІҢ ПАДИШАСЫ



Биыл – халқымыздың бұлбұл әншісі, Қаз КСР және КСРО Халық артисі, Халық қаһарманы Роза Бағланованың туғанына 100 жыл. Өткен жылдың басында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жерлесіміздің есімін мәңгі сақтау үшін тиісті шаралар қабылдауды тапсырды. Президент тапсырмасы былтыр жүзеге асырыла бастады. Атап айтқанда, «Қазақконцерт» мемлекеттік концерттік ұйымы мен елордадағы көшелердің біріне әйгілі әншінің есімі берілді. Бүгінде ғасырлық мерейтой жалғасын табуда. Күні кеше Сыр өңірінде Роза Бағлановаға арналған ескерткіш ашылды. Ән падишасына арналған

ескерткіштің тұғыры граниттен, негізі қоладан құйылған. Биіктігі 5,7 метрді құрайды. Ескерткіш авторлары – Мұрат Сыдықов пен Бауыржан Кененбай. Салтанатты шарада облыс әкімі Нұрлыбек Машбекұлы құттықтау сөз сөйлеп, Сыр еліндегі ән мен өнердің мерекесі, ұлт руханиятының жаңғырған күніне лебізін білдірді. Шараға қатысқан Роза Бағланованың ұлы Тәжен Сатыбалдыұлы мен келіні Марал Сағынайқызы Сыр жұртшылығына алғыс айтты. Тәжен Бағланов анасы туралы жылы естеліктермен бөлісіп, оның атынан Алматы қаласында мұражай ашылатынын, туған жері Қазалы

ауданындағы мұражайға да естелік заттар ұсынаатынын жеткізді.

Сонымен қатар шарада Роза Бағланованың продюсері болған Қуаныш Абдухалимов сөз сөйледі. Роза Тәжібайқызы – «Ғасыр адамы». Ал аңыз адамды ұлықтауды үзбеу қажеттігін алға тартты. Мұнан соң Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, әнші-композитор Жеңіс Сейдоллаұлы 2 күнге созылатын «Ақмаңдайлым» республикалық әншілер конкурсы жайлы тарқатты.

Бұл байқауға бұған дейін 200 талапкердің арасынан 15-і іріктеп алынған. Аталған конкурсқа республикамыздың 9 өңірі мен Нұр-Сұлтан, Алматы қалаларынан әншілер қатысуда. Оған қазақтың ән өнерін асқақтатып, ұлт мәдениетін көтеруге еңбек сіңіріп жүрген – Рамазан Тайманов, Күләң Қалымбетова, Жеңіс Сейдуллаұлы, Бахтияр Тайлақбаев, Сембек Жұмағалиев секілді еліміздің кәсіби өнер тарландары қазылық етеді. Конкурс ережесіне сәйкес талапкер әншілер І кезеңде Роза Бағланованың репертуарынан камералық оркестрдің сүйемелдеуімен ән орындайды. Ал ІІ кезеңде Қазақстан композиторларының әндерінен конкурстық ән шырқайтын болады.

БІЛІМ ГРАНТЫН ЖЕҢІП АЛДЫ



Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың облыстық кезеңі аяқталып, жеңімпаздар мен жүлдегерлер марапатталды. Салтанатты шарада облыстық білім басқармасының басшысы Ақзира Қасымова жеңімпаз оқушыларды құттықтады.

– Бүгінгі жеңімпаздар – ертеңгі облыс үміті. Сіздерге артылар жүктің жауапкершілігін сезініп, алға қарай қадам басуда аймақ сенімін ақтайды деп ойлаймын. Алдағы қорытынды кезеңге сәттілік тілей отыра, оқудағы бастамаларыңыз оңынан болып, алар асуларыңыз мол болсын!», – деді Ақзира Бақтыбайқызы.

Облыстық кезең жаратылыстану-математика және қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 14 пән бойынша ұйымдастырылып, 389 оқушы білімін сынады.

Үздік деп танылған 181 оқушы облыстық білім басқармасының І, ІІ, ІІІ дәрежелі дипломдарымен марапатталды. 22 оқушы І орын – алтын медаль иегері атанса, 50 оқушы ІІ орын – күміс медаль иеленді, ал ІІІ орын – қола медальді 89 оқушы иеленсе, 40 оқушыға алғыс хат табысталды. Сондай-ақ олимпиаданың жеңімпазы атанған 11 сынып оқушыларына Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің білім гранты ұсынылды.

МАХАББАТТАН МАРЖАН СӨЗ ТӨГІЛЕР



Ұлттық ғашықтар күніне орай ашық аспан астында, орталық алаң маңында еркін форматта кезекті поэзия көші өтті.

Қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі мен Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті бірлесе ұйымдастырған поэзия кешінде әуелеген ән шырқалды, жүректің қылын шертетін лирикалық өлеңдер де оқылды, тіпті, ақын қыз-жігіттер жұп құрап поэтикалық дуэльге де шықты. Гүлжанат Қадырбек пен Бекарыс Назар, Асқар Әлі мен Аружан есімді ақын қыз кештің көрігін қыздырса, Жарылқасын Оразғұлов, Айгерім Өмірбек, Елжан Берстенбаев, Ұлболсын Ментаева, Арайлым Қуаныш, Өзімхан Төлегенов пен Аяжан Шынберген сынды әншілер әуезді ән шырқап, шараның мән-маңызын аша түсті.

Қазақ поэзиясына жаңа леп әкелсем деген ақындарға кеш қонақтары Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі Елубай Әуезов пен «Алтын жұлдыз» сыйлығының иегері Мөлдір Айтбай жүрекжарды лебізін айтып, қонаққаде ұсынды. Көрермендер арасынан да өлеңге жаны құмар бүлдіршіндер мен жастар табылып, шараның ажары кіре түсті.

БАЛАЛАР БАҒЫНЫҢ БАҒБАНЫМЕН КЕЗДЕСУ



Балалар жылы қарсаңында №268 мектеп-лицейінде бастауыш сынып бірлестігінің онкүндігі өтті. Шара аясында балалар ақыны, Ыбырай Алтынсарин медалінің иегері Рахат Наурызбаевамен «Балалар бақытты болса өкен» тақырыбында әдеби-музыкалық кездесу ұйымдастырылды. Кешке ақын өлеңіне ән жазған сазгерлер Ләйлә Сүйінбаева және Ғайния Дауылбаева қатысып, көрерменге көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Балалар жылы ақынға ерекше шабыт сыйлағандай. Қаламгердің балаларға арналған өлеңдері, аудармалары, өлеңдеріне жазылған әндер және сахналық қойылымдар талғам көрсеткішін аңғартты. Кеште бастауыш сынып оқушыларымен қатар мектепалды даярлық тобының бүлдіршіндері де өнер көрсетті. Шара соңында ақын табысқа жетудің жолы, шығармашылықтың сыры, баланы шығармашылыққа баулу әңгімелеп, бүлдіршіндерге батасын берді.

Айта кетейік, ақын Рахат Наурызбайқызы Қазалы ауданында дүниеге келген. М.Мәметова атындағы қыздар педучилищесінде, кейін Абай атындағы пединститутта білім алған. Ұстаздық ете жүріп балаларға арналған «Бастау», «Ақ қозы», «Сергек Серік» атты жыр жинақтарын, «Үй ішімізбен қазақша үйренейік» атты оқу құралын жарыққа шығарды.

Фарица ҒАЛЫМЖАНҚЫЗЫ



МҮМКІНДІКТЕР КЕРУЕНІ

NEET санатындағы жастар санын анықтау, олардың қоғамдағы өз орнын табуына бағыт беру – басты мәселенің бірі. Осы орайда жыл басынан бері аймақта бірқатар ауқымды шаралар жүзеге асып келеді. Сондай маңызды шараның бірі Тасбөгет кентінің орталық алаңында өтті. Жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейін төмендету және кәсіпкерлікті дамыту мақсатында ұйымдастырылған «Мүмкіндіктер керуеніне» облыс әкімінің орынбасары Қайрат Нұртай мен облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Мира Қазбекова қатысып, жастармен тілдесті.

Шара барысында жастарға 37 мекеме 216 жұмыс орнын ұсынды. Бұдан бөлек Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Қарағанды облыстарынан 1392 бос жұмыс орнына шақырту берілген. Сондай-ақ «Мүмкіндіктер керуенінде» мемлекеттік бағдарламалар («Дипломмен ауылға», «2021-2025 жылдарға арналған

кәсіпкерлікті дамыту ұлттық жобасы», «Бизнес бастау») және жастар мен жас отбасыларға тұрғын-үй алу мүмкіндігі бойынша «Отбасы Банк» АҚ мамандары кеңес берді. «E-gov» электронды қызмет көрсету жүйесін пайдалану бойынша «Азаматтарға арналған үкімет» АҚ-ның кеңесшілері бағыт берді.

– Жастарға көмек, құқықтық кеңес, кәсіпкерлікке баулу, дөрігерлік жәрдем сияқты қажеттінің барлығын қамтуға тырыстық. Өнерге икемі бар қыз-жігіттерге кастинг ұйымдастыру, «Кітап сыйла» акциясы бойынша білімге ынталандыру іс-шаралары өтуде. Бұған дейін біз облыстық жастар ресурстық орталығында осындай бос орындар жәрмеңкесін өткіздік. Алдағы уақытта «Титов», «Шанхай» және қалаға қарасты ауылдық жерлерде өткізу жоспарланып отыр. Өйткені ондағы жастар мұндай бастамалардан тыс қалып жатады. Бір жас маман жұмысқа орналасса, мұны

үлкен жетістік деп білеміз, – дейді облыстық жастар ресурстық орталығының директоры Асқар Құрмаш.

Ал С.Майқанова атындағы мәдениет үйінде жастар тегін үйірмелер мен тілдік курстарға жазылып, құқықтық (адвокаттардың, сот орындаушылардың, құқық қорғау қызметкерлерінің) және дөрігерлік қызметтер бойынша ақысыз кеңес тындауға мүмкіндік алды. Бұған қосымша жастар үшін арнайы «Жас журналистер», «Жас ақындар», «Жас модельдер», «Жас актерлер» кастингі ұйымдастырылды. Іс-шара барысында ресми форматтан тыс қазақ күресі, тоғызқұмалақ, қол күресі, гір көтеру, асық ату сынды ұлттық спорт түрлерінен сайыстар өткізіліп, жеңімпаздар бағалы сыйлықтармен марапатталды. Кеш соңы заманауи әндермен жалғасын тауып, гала концертке ұласты.

Айта кетейік, осыған дейін 25 ақпанда облыстық жастар ресурстық орталығында «Мүмкіндіктер алаңы» өткізіліп, 100-ге жуық бос жұмыс орындары ұсынылған еді. Бұл жолы бос жұмыс орындары жәрмеңкесінен соң тұрақты түрде 12 азамат жұмысқа орналасты. Ал арнайы жұмыс орындары бойынша 5 жұмыс беруші мекемемен келісім-шарт жасалып, 6 мүмкіндігі шектеулі азаматқа жұмыс орны ұсынылды. Сонымен қатар «Жастар тәжірибесі» бағдарламасымен 15 жас маман уақытша жұмыс орындарына жолдама алды.

Алдағы уақытта тоқсанына бір рет ұйымдастырылатын «Мүмкіндіктер керуенін» Қызылорда қаласының шет аймақтарында өткізу жоспарлануда.

Гүлдана НҰРТАЙҚЫЗЫ

Қаржы пирамидасының төрінде «Teletrade D.J.Limited» шетел компаниясы болған. Қазынасын молайтқан тұста компанияның қылмысы әшкереленді. Ұйымның 700 мыңнан астам доллары мен 130 мыңдай еуро қаражатына арест қойылды. Сондай-ақ Армения, Латвия, Литва және Ресейде банктік шоттары анықталған. Одан бөлек Түркияда қонақүй мен 3 пәтер түріндегі активтеріне тұсау салынды. Қазір бұл іс сотқа жіберіліп, қаралып

азаматтардың арбауына түсіп қалмас үшін ол компанияны зерттеп, зерделеу қажет, — деді ҚР ІІМ Тергеу департаментінің бастығы Санжар Әділов. Сөзінің жаны бар. Олай дейтініміз жарнамасы жер жарар дүниеге жалтақтайтынымыз жасырын емес. Жарнама демекші халық идеалға балап жүрген тұлғалар, яғни блогерлер пирамиданың қарыштауына сеп болып отыр. Кімдер деген сұрақ туындауы хақ. Ендеше аталған мәселеге қатысы бар деген тұлғаларды тізбектейік. Телефонға телміріп, жұрт көріп жүрген вайнер Мейіржан Төребаев, актер Мейірхан Шерниязов және блогер Әзімжан Саидбаевтар бар. Жастар жұлдызға балайтын үш блогер Mudarabah Capital компаниясын жарнамалай бастаған. Тергеу

Ауқымы кеңейген мәселе Мәжіліске де жетті. ҚР Парламенті Мәжілісінің төрағасы Ерлан Қошанов мәселеге қатысы бар адамдардың барлығын жауапқа тарту керегін жеткізді. — Бұл мәселе бойынша Мемлекет басшысының тиісті мемлекеттік органдарға берген тапсырмасы бар. Заң жобасы дайын. Енді құжатты жедел түрде қарауымыз керек. Тұжырымдамаға сәйкес онда қаржы пирамидасын жарнамалағандарды жауапкершілікке тарту мәселесі қамтылу керек. Әсіресе вайнер мен блогер сынды қоғамдық пікір

ҚАРЖЫ ПИРАМИДАСЫ:

Соңғы 5 жылда қаржы пирамидалары елімізде белең алып, тіршілігін түгендеп, біршама халықты арбағаны белгілі. Бір ғана мысал, өткен жылы елімізде 31 мыңнан астам адам қаржы пирамидаларына қомақты қаржы салып, опық жеді. Шығынын есептесек, 54 млрд теңге. Бүгінде дәл осы мәселеге байланысты 65 қылмыстық іс қаралып жатыр. 3 мыңнан аса адам жәбірленуші ретінде тіркелген. Қанаты кеңге жайылған мәселені тарқатып көрсек.

ЗАРДАП ШЕККЕНДЕР

пирамидасын анықтауға қатысты бірнеше кеңес ұсынады. Біріншісі, бонус. Компанияға әкелген әрбір клиент үшін қосымша ақы төлеуге уәде берсе, онда бұл ол жерге ақша

ТОЛАСТАМАЙ ТҰР

Бүгінде қаржы пирамидасына қатысы бар 130 адам қылмыстық жауапқа тартылды. 180-нен астам жалған қаржы компаниясы мен фирма әшкереленді. Тергеу кезінде алаяқтар халықты алдап, қолды қылған 3 млрд теңгенің мүлкі тәркіленді. Бірақ бұл тұрғындардан қағып түсірген қаражаттың небәрі 5 проценті ғана. Алаяқтар көбіне инвестициялық табыс, онлайн пайда деген сөзді жиі қолданады. Мәселен, «Astex.kz» пирамидасы халықты төндерге қатысуға үгіттеген. Бастапқыда инвесторларға дивидендтерді жаңа салымшылардың жарнасы есебінен төлеген. Кейіннен жеткілікті пайдаға кеңелген сәтте тайып тұрған. Бұл — кең тараған тәжірибе. Сондықтан тірнектеп жинаған қаражатты жұмсасам бұрын 7 рет өлшеп барып, шешім шығарған абзал. Мамандардың кеңесі осы, — деді Ерлан Қошанов.

Мәжіліс депутаттары бұл мәселеге келгенде ҚР Бас Прокуратурасы осалдық танытып отырғанын алға тартуда. Алайда Ішкі істер министрлігінің пирамидаға қарсы қызметі қызып тұр. Заң қызметкерлері қаржы

салудан бас тартып, таныстарыңызды мұндай қауіпті дүниелерге жоламауға шақырды. Екіншіден, нарық деңгейінен бірнеше есе жоғары кепілдендірілген жоғары табыс жайлы әңгіме болса, бірден бас тарту қажет. Егер компания халықтан ақшалай салым тартса немесе қор нарықтарына инвестиция салуды ұсынса, бірақ оның лицензиясы болмаса, онымен байланысудың қажеті шамалы. Мұндай ұйымдар Қаржы мониторингі агенттігімен бақыланбайды, яғни жәбірленушілердің құқығы мен мүддесін ешкім қорғай алмайтынын есте ұстау маңызды. Қаржы пирамидаларының жарнамасы тұтынушыларды жылдам тартуға арналған және пирамидалардың негізін қалаушыларға ғана пайдалы ақпаратты қамтиды. Әрине, жарнама берушілер мұндай компанияның клиенті тап болуы мүмкін қатерлерді айтпауға тырысады. Сонымен қатар олар келісімшартқа ойланып-толғанып қол қоюға шақырады. Осы кеңестерді тізбектеп шықсаңыз, ойға түйеріңіз көп.

Зере ӘДІЛЕТ

жатқанға ұқсайды.

— Осы тұста алаяқтар жарнама арқылы халықты алдап, қалтасын қағып түсіріп жатқанын айта кеткен жөн. Қаржы пирамидалары қазір өзін үстеме инвестиция саласындағы табысты ұйым ретінде көрсетіп отыр. Олар өздерінің жарнамаларында «инновациялық жобалар», «жоғары табысты бизнес», «өте тиімді», «онлайн табыс» деген сияқты сөздерді қолданады. Тұрғындар арам пиғылды

барысында үшеуі де компанияның құрылтайшылары атанды. Нәтижесінде компания қаржы пирамидасы деп танылды.

қалыптастырушылар қаржы пирамидасы екенін біле тұра жарнамаласа, ол үшін жауапкершілікке тартылады. Өйткені адамдар оларға сеніп, дүние-мүлкінен айырылып жатыр.

БІР БАЛА БҮТІН ЕЛМЕН ТЕҢ

Жалғасы. Басы 1-бетте

Қазақстанда өткен жылдың қыркүйегіне дейін балалар мен жасөспірімдер арасында 137 суицид оқиғасы тіркелген. Себеп түрліше болғанымен балалар арасындағы қайғылы оқиға көбіне зорлық-зомбылық пен алалаудың нәтижесінде орын алады екен. Сонда ата-ана мен ұстаздар баланың буллингке ұшырамауы үшін не істеуі керек? Буллингті тек балалар жасай ма? Балаларға өз құқығын қорғап, өзгенікіне қол сұқпау керегін ұғындыра алмауымыздың себебі неде? Осы сұрақтардың жауабын бірге талқылайық.

Сонымен әлеуметтік желі мен интернет арқылы балаларға көрсетілетін зорлық-зомбылықтың түр-түріне көзіміз жете бастады. Өкінішке қарай бұған қатысты статистикадан хабарымыз жоқ. Мәселен, 2-3 апта бұрын елордадағы ерекше мұқтаждығы бар балаларға арналған «Сати» инклюзивті балабақшасында бүлдіршіндерді ұрып-соққан тәрбиешіге қатысты қылмыстық іс қозғалды. Instagram желісінде жарияланған ата-ананың шағымында балабақшада тәрбиешінің балаларға жиі қол көтеріп, айғайлап ұрсатыны, тілті, бейәдеп сөздер айтылатыны қозғалған. «Мынау не деген сұмдық!», «Тілі бар баланың өзі балабақшада қажетін сұрап, сөйлеуге, қоғамға үйренісе бастайды ғой. Ал мұндай инклюзивті балабақшаға сөйлей алмайтын, дамуы кешеуілдеген балалар келеді. Сонда ұстаз емес, адам ретінде жаны ашымағаны ма?!», «Періштелердің не жазығы бар еді...бұлар ата-анасына мені ұрды деп те айта алмайды ғой» деген сынды пікірлер қаптап кетті.

Бұл — бір ғана балабақшада орын алған, онда да қоғам талқысына түсіп, көзге ілінген оқиға. Алғашқысы емес, соңы болуы да мүмкінді. Балаға қысым көрсетуден тайынбайтындар жазалануы тиіс. Бірақ одан не өзгереді? Тәрбиеші жұмыстан шығады немесе жазаланады, ал балалардың ішкі қорқынышы, психикалық жарақаты жазылып кете ме? Болашақ тұлға ретінде қалыптасуында бір реттік физикалық не психикалық соққының өзі өмір бойы әсер етуші фактор ретінде қалып

кетуі ғажап емес. Сондықтан балаларға көрсетілетін буллингтің мектеп пен отбасылық жағдайда ғана емес, балабақшадан басталатынын ескеріп, бұл жүйені өзгерту керек сынды.

ХАРАССМЕНТТІҢ БАСТЫ КЕІПКЕРЛЕРІ

Әйелдерге ғана емес, балаларға да жасалатын ауыр қылмыстың бірі — жыныстық зорлық-зомбылық көрсету, жыныстық

ІІМ ресми өкілі Нұрділде Ораз.

Ата-анасының, өгей әкесінің, педагогтың «зорлық» қылмысын жасағаны үшін санкция 17 жылдан 20 жылға дейін ұлғайтылды. Бұрын бұл норма бойынша жаза 12 мен 17 жылға дейін бекітілетін. Осы сипатты өзгерістер Қылмыстық кодекстің 121, 122, 123, 124, 134, 144, 312-баптарына да енгізілді. Соған қарамастан жыныстық зорлық-зомбылық

айырылды. Сондай-ақ өмір бойына ұстаздық қызмет атқаруға және көмелетке толмағандармен жұмыс істеуге тыйым салынды. Дегенмен байқағанымыздай, жаза қылмысты азайтар емес. Харассменттің кейіпкерлеріне айналған балалардың болашағы қалай болмақ? Оларға психологиялық көмек беріліп, қолдау көрсетіле ме? Психологиялық көмектің өзі әсер ете ме? Бұл сұрақтарға

буллингке ұшыраған балалар орын алып жатқан жайттарды ата-анасына айтуға батылы жетпейді. Сондықтан баланың қысым көргенін дер кезінде байқай білудің маңызы зор. Мәселен, басқа біреудің тарапынан қысымға ұшыраған баланың мінез-құлқында мынадай өзгерістер орын алуы мүмкін: өзінен кішілерге агрессиямен қарау, ұйқы немесе тамақтану режимінің бұзылуы, концентрацияның жоғалуы,

ғана әлімжеттік көрсету не көрсетпеуде таңдау құқығы бар», — деді заңгер. «Адам құқықтары, инклюзия және азаматтық қоғамды зерттеу» орталығының директоры Халида Әжіғұлова.

Буллингті қалай тоқтатамыз? Егер бала сыныпта қысым көрген болса, алдымен сыныптастарының ата-анасымен сөйлесу керек. Бала құқығы — талқыға түсуге міндетті тақырып. Сондықтан ортақ жиналыста емес, әр ата-анамен жеке-жеке сөйлесу маңызды. Өрекетіңіз нәтижесіз болса, онда сынып жетекшісі, мектеп директоры, психолог, участкелік полиция қызметкерін де бұған араластыру керек.

ЗАҢ БАР, ӨРЕКЕТ ШЕ?

Балалар арасындағы буллинг бұрыннан бері талқыға түсіп, көптің көкейінде жүрген мәселенің бірі. Адам құқығы жасқа, жынысқа қарамайтынын ескерсек, бұл туралы жалпылама заңнамалар жеткілікті. Дегенмен осы жылы 14 сәуірдегі Сенат депутаттарының отырысынан кейін «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» заңға «Баланы жәбірлеу» (буллинг) түсінігі енгізілмек. Мұндай түсінік мектеп оқушылары арасында өткізілген әлеуметтік анкеталарды толтыру нәтижесінде заң жүзінде алғаш рет енгізіліп отыр, әрі 18 жасқа толмағандардың ортасында зорлық-зомбылық, кемсіту, қысым көрсетудің алдын алудың, ересектердің балаға қарым-қатынасының маңызды тармағы ретінде саналатын болады.

Буллингтің түрі көп, шешімі жоқ. Қысым көрмей, бақытты балалық шағын өткіріп, анасы мен әкесіне еркелей алатын, достарымен өмін-еркін, сау қарым-қатынас құра алған бала ғана еркін ойлайтын, саналы, сапалы тұлға болмақ. Ендеше, заңды әрекетке, сенді сапаға ауыстыратын уақыт жетті. Бір бала — бүтін елмен тең. Сондықтан балаға өз құқығын қорғап, өзгенің құқығын таптамауды үйретіп, еркін, қауіпсіз қоғамды өзіміз қалыптастыруымыз керек. Ал заң мен әрекеттің таразыда тең түсуі үшін мемлекет тарапынан арнайы жобалар қолға алына екен.

Дина БӨКЕБАЙ

әлімжеттік. Немесе харрасмент деп атауға да болады. Бұған қатысты заң болғанымен, өткен жылы оған да өзгеріс енгізіліп,қазақ жазға қатары артты. «2021 жылдың 11 қаңтарынан бастап бұл өзгерістер заңды күшіне енді. Осылайша балаларға қарсы жасалатын жыныстық сипаттағы қылмыстың кез келген түріне жауапкершілік қолдандылды. Көмелетке толмағандарға қатысты жыныстық қылмыс жасағаны үшін санкциялар күшейтілді. Нақты айтқанда, Қылмыстық кодекстің 120-бабы «зорлау» қылмысы бойынша қылмыстық топ құрамында әрекет жасағандар үшін жазаның ең төменгі шегі — 15 жылдан 17 жылға дейін бас бостандығынан айыру мерзіміне көбейтілді», — деді

саны артпаса, кемімей тұр. Бұл — адамгершілік заңына да қарсы қылмыс. Кез келген қателікті ақтап алуға болады, бірақ қылмыста кінәлі — қылмыскер ғана, ол жазалануы тиіс. Алайда жиырма жылда сотталудың өзі жыныстық зорлықты тоқтата алмай тұрғанда, бұл мәселенің басқа шешімін тауып, бел буып кірісетін уақыт жеткендей.

Мәселен, осы жылдың өзінде жаңалықтардан естіген жағымсыз ақпарат қаншама! Ең сорақысы — өз қызың, ұлына жыныстық зорлық көрсеткен «әке» деуге келмейтіндердің қатары көп. Атырауда бір жыл бойы өз қызын қорлап келген ер адам өз жазасын қатаң режимдегі бас бостандығынан айыру мерзіміне көбейтілді», — деді

жауап іздеуден бұрын ойланудың өзі ауыр.

БУЛЛИНГТІ БОЛДЫРМАУ ҮШІН...

Психологтардың пікірінше, жасөспірім буллингке қатыспауы нәм ұшырамауы үшін алдымен кез келген ата-ана баласымен ашық және жиі сөйлесіп тұруы шарт. Қарапайым мектептегі күнті қалай өткенін, интернетті қандай мақсатта пайдаланғанын, үзіліс кезінде мектепте не істейтінін сұраған жөн. Сабақ үлгерімі ғана емес, сезімі, достарымен қарым-қатынасы жайлы да сөйлесуді әдетке айналдыру керек. Ал баланың қатарластары тарапынан қысымға ұшырағанын қалай анықтаймыз? Әдетте

тыныштықта көп болу, реніш, өзгеден оқшаулану.

«Шынымен де мектепте адам құқықтары тек теориялық тұрғыда үйретіледі. Балалар арызды қалай жазуға болатынын, көшеде полиция тоқтатса, мектеп жүргенде қалтаңды, сөмкенді көрсетуді сұраса, не істеу керек екенін білмейді. Мұның бәрі — баланың құқығы және ол жиі бұзылады. Өйткені балалар өзін қалай қорғау керек екенін білмейді. Балалар алдымен өз құқығын білсе, құқық бұзушылық та азаяр еді.

Бәріміздің білуіміз керек бір нәрсе бар: буллинг пен кибербуллингте тек агрессор кінәлі. Жапа шеккен адамның ешқандай кінәсі жоқ. Себебі тек агрессордың

Ұлттық болмысты дәріптеу, өнер асылын ардақтау – бірлікке бастайтын басты құндылық. Әсіресе ұлтаралық ынтымақ пен келешек көпіріне айналған мәдени байланыс арқылы халықтар қатынасын нығайту кезек күттірмейтін қадамға айналуға. Сыртқы күштің ықпалын төжеу, ішкі алауыздықты тыюда да аталған істің берері мол. Бұл бағытта Орталық Азияның өзара мәдени қарым-қатынасын баса айту жөн секілді. Жыл сайын көптеген халықаралық байқау ұйымдастырып, халықтар достығын дәріптейтін өнер фестивалін өткізу бәсеңдеген емес. Соның бір айғағы – «Бала чак-2022» конкурсы.

Түркі әлеміне танымал «Бала чак» конкурс-фестивалі алғаш 2020 жылы Қырғызстанда ұйымдастырылған болатын. Карантин шектеуіне байланысты алғашқы кезең онлайн нұсқада өтіп, жас өнерпаздарға тәжірибе алаңын қалыптастыруды көздеді. Байқау қатысушылары қобыз, домбыра, баян музыкалық аспаптары мен вокалдық шеберлік, би бағыты бойынша сынға түсіп, өзара мықтыны анықтайтын. Үздік деп танылған жас қатысушылар тек өз елінде емес, Орталық Азия көлемінде шеберлігін шыңдауға мүмкіндік алғаны бар. Сол жылы қызылордалық өнерпаз Дінмұхаммед Әуелхан күй домбыра аталымы бойынша I орынды еншілеп, Сыр елінің абыройын асқақтатқаны есімізде.

Байрақты бәсеке биыл да жалғасын тапты. Бұл жолы дәстүрлі форматта ұйымдастырылып, таланттарға жүзбе-жүз пікір алмасуға жол

ашылды. Халықаралық дәрежедегі байқауда Сыр елінің намысын қорғау үшін қос үміткер – Марлен Смағұлұлы, Ерсултан Қайболла аттанды. Өнер додасында үмітті ақтаған оғандар олжалы оралып, домбыра аталымы бойынша бас бәйге мен II орынды еншіледі.



– Өнерсүйер қауым мен күй тыңдаушысы барда өнердің аласармасы анық. «Бала чак-2022» байқауы кәсіби шеберлікті арттыруға көп көмегін тигізіп, таным көкжиегімді кеңейтті десем артық емес. Себебі жан-жақтан жиылған жас өнерпаздардың жеңіске ұмтылысы мен білімін жетілдіруге деген құлшынысы ерекше шабыт сыйлады. Оған қоса қазақтың күйшілік дәстүрін,

ШАҢАҒЫНАН КҮЙ САУЛАП...

дәулескер күйшілер мұрасын әлемге танытудың өзі – үлкен бақыт, – дейді Ерсултан Қайболла.

Расында, жас күйшілердің алға қойған арман-тілегі асқақ, қадамы нық. Бауырлас қырғыз еліне барғанда да еңсесін тік ұстап, ұлық өнердің лайықты ізбасары екенін дәлелдей білді. Марлен Смағұлұлы «Науай», «Қатпартас» күйін нақышына келтіре орындаса, Ерсултан



Қайболла «Шаттанамын, "Қара жорға" күйін орындауда шеберлік көрсетті. Осылайша 2 кезеңнен тұрған жарыста алдына қара салмай, сырбойылық дарындар оза шапқан еді.

Бас бәйгені иеленген Марлен Смағұлұлы – бұған

дейін күй сайысымен қатар ән байқауында да олжалы оралып жүрген талант. Бала кезінен музыкаға үйір жас домбыра аспабы бойынша алғаш сынға түсіп, бағы жанды. Өнердің жаттығы жоғын аңғарған дарын өзге де халықаралық жарыстарға қатысып, ұлттық аспапты дәріптеуге ниетті. Бұл бағытта жүйелі жоспар құрып, кезекті биікті бағындыруды көздеуде.

– «Бала чак-2022» жаңа мүмкіндік есігін ашты. Бұған дейін түрлі деңгейдегі вокалдық жарыстарда қарым-қабілетімді көрсетуге шамам жетсе, енді күй жанрында сынға түсуге мүмкіндік алдым. Аталған конкурс домбыра аталымы бойынша қатысқан алғашқы өнер додасы болғандықтан қобалжу болғаны шындық. «Үмітті ақтай аламын ба?» деген сұрақ мазалап, дайындықты күшейтуге тырыстым. Орындаған шығармалар көркемдік көрсеткіш, техникалық ерекшелік тұрғысынан салмақты екені мәлім. Сондықтан байқауға қатысу мойынға түскен жүкті еселеді. Дегенмен қазақ халқының ұлттық құндылығын жеткізуге деген ұмтылыс нәтиже беріп, лайықты өнер көрсете білдік, – дейді жас талант Марлен Смағұлұлы.

Сырбойылық дарындардың ұлттық мұраға деген адалдығына тәнті болғанымыз жасырын емес. Әйтсе де мұндай табанды талпыныс пен мақсаттың іргетасы ұстаз тағылымында жатыр. М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінде білім алатын жас күйшілер өнерге бауылған ұстазына алғысын білдіруден жалыққан емес. Қос дарынның жетекшісі Нұрбек Жүзбенбетов жас

өреннің бойындағы қабілетті деп басып, бабын келтіре додаға қосуда кәсібилік таныта білген. Байқауда орындайтын шығарманы талдау, шәкірт санасына тарихын сіңіру ісін негізгі ұстын еткен ұстаздың өз жетістігі де аз емес. Көптеген халықаралық, республикалық байқауда топ жарып, орындаушылық қырын мойындата білді.

– Қадыр ақынның «Нағыз қазақ қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра» пайымы аспаптың мән-маңызын жеткізе білді деп ойлаймын. Себебі сан тарау қазақ күйлері елдің өткені, қиындығы, береке-бірлігі, мәртебесін бойына тоғыстыра білді. Ұлттың жадына, сана-сезіміне айналып, өнер мен халықтың бір ұғымға айналуына әкелді. Домбыраның қасиетін таныған дауылпаз күйшілер халықтың басынан өткен тарихты сөзсіз жеткізу шеберлігін игерді. Бұл – екінші біріне беріле бермейтін құндылық. Осындай құндылықты еркіндік, азаттық күресінде, жаңа заманды қалыптастыру жолында ту етіп, ұлтты ұйыстыра алды.

Шәкірт даярлау барысында да осы ұстанымды назарға алуға тырысамын. Музыка – тек өнер емес, халықтың болмысы, өткеннің сарқыншағы. Егер шәкірт алдымен домбыраның қазақ өміріндегі алар орнын, мазмұнын бағамдай алса, шеберлікке жету жолы жеңілдей түседі. Күйлердің мінез-құлқы, қағыс ерекшелігі де мазмұнда жатыр. Сондықтан болар қазақ қуанса немесе қапаланса, домбыраға қол созған, күймен жұбанған, – дейді жетекші.

Берен ШАҒЫРОВ

ҰЛТ ТӘРБИЕСІ – ҰРПАҚТАР САБАҚТАСТЫҒЫНДА

Нағи Ілиясов ауылдық мәдениет үйі жанынан құрылған «Ақ әжелер» ансамблін көпшілік өнерімен таниды. Қазақтылықты қадір тұтқан ақ жаулықты аналар тек ұлттық мәдениетке мән беріп қоймай, өмірден түйгенін бүгінгі буынға үйретіп келеді. Қаладағы Назарбаев зияткерлік мектебінің оқушылары «Ұрпақтар сабақтастығы» жобасы аясында «Ақ әжелерден» тәлім алып, қазақы тәрбиені бойына сіңіруде.

Заман көшіне біліммен ілесе отырып, ұлттық құндылықтарды үйрену – НЗМ оқушыларына қойылатын басты талаптың бірі. Осы мақсатта мектеп әкімшілігі «Ұрпақтар сабақтастығы» жобасын қолға алып, ұлттың ертеңгі буынын тәрбиелеуде. Мәселен, жоба аясында Раушан Қараева есімді әже киіз басудың қыр-сырын үйретсе, Манат Оразбекқызы оқушыларға ұршық иірудің жолын түсіндіріп келеді. Бар ізгілікті бойына жинаған Раушан әже қазір сексенге толса, Манат апаның жасы жетпіс үште. Әйтсе де жастайынан еңбекті жанына серік еткен әжелер жол жағдайына қарамастан қалаға келіп, бар білгенін оқушылармен бөлісуде. Ал білім мен өнерді ұштастырған мектеп оқушылары әжелерге компьютермен жұмыс істеуді үйретеді.

– Назарбаев зияткерлік мектебінің оқушыларымен 2018 жылдан бері таныспын. Өлі күнге дейін балаларға ұршық иіруді үйретіп келемін. Оқушылардың жаңа дүниені білуге деген ынтыасы өте жақсы, білмеген жерін сұрап отырады. Менің ұршық үйреткен бір оқушы қызым мектепті бітіріп, жоғары оқу орнына түсіпті. Ұршық иіре білетін өнері оған талай жерде көмектесетіне сенемін. «Өнерді үйрен де, жирен» деген қазақпыз, негізінде ұршық – қасиетті зат. Талай ел басына күн туғанда аналарымыз жүн түтіп, ұршық иіріп, кеудеше, қолғап, шұлық тоқып табыс табатын. Соғыс жылдарында балалардың қарнын тойғызған ұршықты үлкендер сол үшін қадірлейді.

Осы айда тағы бір мәрте мектепке келіп, балалармен ұлттық салт-дәстүрлер тақырыбында әңгімелестік. Мектеп ұйымдастырған Өз-наурызда көпшілікке баланы бесікке салу, қыз ұзату дәстүрін көрсеттім, – дейді Манат апа.

Салт-дәстүрді насихаттап жүрген «Ақ әжелер» ансамблі ұмытыла бастаған халық әндерін орындап келеді. 2008 жылы құрылған ансамбльге қазір мәдени ұйымдастырушы Жанат Шайзадаева жетекшілік етеді. Ансамбль құрамында Күлбахрам Қышанбекқызы, Раушан Қарақызы, Гаухар Төлегенқызы, Шолпан Күдербекқызы, Боранкүл Келісова, Үміткүл Несіпбайқызы, Шырынкүл Оңғарбайқызы, Жұлдызай Ермағанбетова, Айымкүл Жұбанышова, Сәрсен Қаракаева, Бақыткүл Шынымова сынды әжелер үлкен жауапкершілікпен қызмет етеді.

Ансамбльдің негізгі қаланған жылдары өнерлі ұжымның ән қоржынында халық әні «Ой,

сәулем», «Шилі өзен», Ө.Байділдаевтың «Туған ел», Ш.Қалдаяқовтың әндерінен «Поппури» ғана болса, бүгінде әндердің саны отыздан асқан. Жыл өткен сайын «Ақ әжелердің» репертуары халық әндерімен қоса қазақ композиторларының әр жылдары жазылған сазды әуендері және эстрадалық әндерімен толығып отырады. Ауылдық іс-шаралардың жоғары деңгейде өтуіне үлес қосып жүрген ансамбль мүшелері халықаралық, республикалық, аудандық байқауларда да жүлделі орындарды иеленіп келеді. Сондай-ақ жыл сайын ауылдық мәдениет үйінің ұйымдастыруымен егінге орақ түсуіне байланысты ауыл көркемөнерпаздары және «Ақ әжелер» ансамблі «Қырманға кел, қалқатай» атты концерттік бағдарламасын қояды. Өнерді насихаттап жүрген әжелердің ұрпақ тәрбиесіне де бейжай қарамайтыны белгілі. Олар жыл сайын аудандық мәдениет үйінің ұйымдастыруымен өтетін «Әжем айтқан ертегі» атты байқауына қатысып отырады.

Өмір жолында әрқайсысы сан түрлі мамандықпен елге қызмет жасаса да, өнер атты үлкен алаңға біріккен әжелер қазір зейнеткерлікке шыққан. Солай бола тұра ансамбль жұмысын бір сәт естен шығармай, елдің ықыласына бөленіп жүрген олар әр шаңырақтың берекесі мен ұйытқысы екені де рас. Мәселен, төрт атұстар мен бір кестетірге өмір сыйлаған Манат апа бар ғұмырын ұстаздыққа арнаған. Манат апаның


өмірлік серігі Кенжебек Әнапияев талай жыл күріш шаруашылығында еңбек етіп, Сырдария ауданының Құрметті азаматы атанған. Мұғалім қызметін абыроймен атқара жүріп бала тәрбиесіне де жіті мән берген апаның немересі Айару да өнерге жақын болып өсіп келеді. Әжесінің алғыр шәкірті қазір сахналарда ән айтып, көпшіліктің ықыласына бөленіп жүр.

– Ауылдағы мектепте «Шебер қолдар» үйірмесі жұмыс жасайды. Ол жерде оқушылар кесте, түрлі тоқымамалар тоқумен қатар қолдан гүлдер, ши мен жүннен бұйымдар жасауды үйренеді. Қазіргі оқушылардың зейіні жақсы, алғыр әрі шебер. Үйреткен дүниені тез қайталап, жасай алады. «Бір жылдығын ойлаған адам дән егеді, он жылдығын ойлаған адам тал егеді, мың жылдығын ойлаған адам ұрпағына ұлттық тәрбие мен білім нәрін береді» деген қазақпыз. Сондықтан балаларға білгенімізді үйретуге әрдайым дайынбыз.

Ауылдық жерде тұрған соң мал ұстап, сүт, айран, май, құрт алып келеміз кейде ірімшік те болады. Балалардың денсаулығы үшін әженің бәрі қолынан келгенше жақсылығын жасайды. Мен де өз отбасымның ғана емес, қазақ балаларының ұлт тарихын, дәстүрін біліп өскенін қалаймын, – дейді Манат апа.

Расында, «Қарты бар үйдің қазынасы бар» дейтін қазақтың үлкендерден үйренері көп. Ғылым мен техника сәт санап дамыған тұста ұлттық дәстүрдің насихаты кемшін қалып қойып жатқаны жасырын емес. Сондықтан «Ақ әжелердің» ауылдағы ансамбль жұмысына көңіл бөліп қана қоймай, қаладағы мектеп оқушыларының қазақтылықтан ажырамауына үлес қосуы үлкен ерлікпен тең.

Гүлдана ЖҰМАДИНОВА



Асқар Омаров, ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрі:
— Ата-ана баласының қандай сайттарға кіріп, қандай мәліметпен бөлісетінін жіті қадағалауда ұстауы тиіс. Әлеуметтік желіні бейберекет пайдаланып, жалған ақпарат таратпауы маңызды. Ондай жағдай кездескен сәтте парақшаны жойып жіберуі ғажап емес. Бұл жерде мессенджерлерді бұғаттау

нің салдарымен емес, себебімен күресуі қажет. Байқай бермейтін адам құқығы, өзгені сыйлау, жеке шекара ұғымы осы тұста көмекке келеді. Әсіресе аталған ұғымдарды өмірде қолдануға мектеп жасынан дағдыландыру — нәтиже кепілі.

Мәселен, мектептегі білім беру бағдарламасына этика пәнін қосып, жас буынға әдеп, ақ пен қараны тану алғышарт-

ның да өз парақшасы болса оған да жастар алданар еді. Бір жағынан, қазақ тілінің өркендеуіне септігін тигізер ме еді?

Ләззат СЕРІКБАЙ, ата-ана:
— Төрт ұлым бар. Үшеуі мектепке барады. Әрқайсысын телефонмен қамту керек болған соң амал жоқ, жолын қарастырдық. Ақыры өзіміз ұстамасақ та, әкесі екеуіміз баламызға ұялы

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІ БҰҒАТТАЛА МА?

туралы мәселе көтеріліп тұрған жоқ. Егер ашық нормативтік-құқықтық актілер порталын ашсаңыз, сол жерде ҚР Парламент Сенаты арқылы балаларды кибербуллингтен қорғау туралы заңға түзетулер қабылданған жағдайдағы қаулы жобасы бар. Бүгінде бұл құжаттың Сенаттан өту-өтпеуі де үлкен сұрақ туындатады. Біз халық үніне құлақ асатын мемлекетте өмір сүріп жатырмыз. Соған орай талқылау жүріп жатыр. Бұл — талқылауға шығарылған жоба. Бұғаттау туралы мәселе жоқ. Ол жерде шектеу туралы мәселе бар. Егер норма қабылданса, онда әлеуметтік желілердің әкімшілері оларды орындағысы келмейді. Соған орай заңның қазіргі жобасында шектеу мүмкіндігі туралы сұрақ тұр. Айта кетсем, балаларды кибербуллингтен қорғау туралы заң жобасына қатысты қоғам мен халықаралық ұйымдар өкілдерінен 26-дан астам ұсыныс түскен. Қоғам тарапынан түрлі реакция тудырған нормалардың барлығы алынып тасталған.

Айдос Сарым, ҚР Парламент Мәжілісінің депутаты:

— Бір ғана Instagram-ның өзінде 8 млн адам отыр. Елде ауқымды реформалар орын алып, таңдау жүріп жатқан

тарын үйретсе, ұтарымыз көп. Тіпті оқушылар сабақ барысында қоғаммен байланыс жасау мен әлеуметтік желідегі этика, медиасауаттылық туралы тұрақ түрде білім жетілдірсе, кибербуллинг азаяры сөзсіз. Себебі кибербуллингтің кең таралған үлгісі жеке шекара әдебін сақтамаудан туындайды. Өзге адамнан «Қанша жалақы аласыз?», «Қанша сәби жоспарлаудасыз?», «Тұрмыс құру ойда жоқ па?» деген сынды басқаның жеке шекарасын қирататын сұрақтарды қою бала кезден әдеп жолын үйренбегеннің белгісі.

Бүгінде ақпараттық кеңістік пен әлеуметтік желі қарусыз майданға айналғанын білеміз. Әрбір оқырманның бұл майданда өзіндік орны бар. Әлеуметтік желіде пікір жазу, бөлісу отбасына, тіпті тұтас елдің өміріне өзгеріс алып келетін күшке ие. Сол үшін әр қадамды аңдап басып, қоғамға құрметпен қарауды естен шығармаған дұрыс.

Ерлан Мұсаев, Қызылорда қалалық мәслихатының депутаты:

— Кешегі қаңтар оқиғасы кезінде әлеуметтік желіде қаншама ақпараттар шықты. Олардың дұрыстығы да, бұрыстығы да сараланбады. Бұл ақпараттар

алып бердік. Сабақ уақытында ұлдарды мазаламадық. Сөйтсек олардың тіркелмеген сайты қалмапты. Фейсбук, ВК желісінде бәрінде де өздерінің парақшалары бар. Одан қалды Тік-Ток-тан сілтемесі бар хабарлама келген. Сондағы әрекетті қайталауды сұраған. Үлкен ұлым соны қайталаймын деп қолын күйдіріп алған. Бүгінде ұлдарымды қатты бақылауға аламын. Парақшаларын тексеріп, кіммен сөйлескенін оқимын. Ата-ана ретінде әлеуметтік желілерді бұғаттауға түк қарсы емеспін. Себебі күнде бір нәрсе шығады. Вконтактенің орын Тік-Ток басты. Ертең Тік-Токтың орын басытын тағы бір дүние шығады. Онсыз да фри-файрден шығара алмай жүргенде сан түрлі ойындар тағы пайда болыпты. Уайымдайтын рас. Қазіргі таңда ақпараттардың қайсысы рас, қайсысы жалған екенін ажырата алмай қалдық. Бірі бір нәрсені айтса, енді бірі басқалай сөйлейді. Ата-ана болып біз білмей жүргенде балалардың бірдеңеге сене салуы оп-оңай...

Дәулет ІЗБАСАРОВ, заңгер:

— «Үйде отырып табыс табу» деген принцип жақсы дамыды. Үйден шықпай-ақ ақшаға кенелуге болады. Бұл үшін әрине әлеуметтік желіні жақсы меңгеруі тиіс. Бұл оларға тиімсіз екені сөзсіз. Қаңтар оқиғасы кезінде қаншама блогерлер арыз түсірді. Тіпті оқырмандарын аз күннің ішінде сағынып қалғанын айтып жатты. Қаражатсыз қалғандарын тілге тиек етті. Барлық әлеуметтік желі бұғатталып, ғаламтор істен шыққан кезде бір ғана Telegram жұмыс істеп тұрды. Сол арқылы керек мәліметті жүктеуге мүмкіндік алдық. Telegram-да бұғаттауды айналып өтетін әдістер бар. Мысалы, Telegram IP-адресі өзгерте алады. Билік Telegram-ды шектегісі келді, бірақ үлкен шығынға ұшырады. Веб сайттың бір IP-адресі болғандықтан оны бұғаттау оңай. Telegram сияқты құралдардың бір артықшылығы — бүкіләлемдік желіге немесе DNS-ке қатысы жоқ мобильді қосымшасы бар. Сондықтан ондай қосымшаның болуы шектеуді айналып өтуге жақсы құрал бола алады екен. Асықпай ойланып, тиімді шешім қабылдау қажет.

Ерболат Усаев, мұғалім:

— Бүгінде оқушылардың әлеуметтік желіге тәуелді екені айтпаса да белгілі. Дамыған заманда түрлі парақшалар бар. Солардың әрқайсысына тіркеліп, жақсы жүргізіп отыр. Қазіргі жағдайға қарап, бұл қалыпты құбылыс деуге болады. Десе де медиасауаттылыққа мән беретіндер аз. Бейәдеп сөздерді қолданыстарына енгізіп алған. Тікелей эфир барысында да аузына келген сөзді айта салады. Этика, эстетикадан жұрдай екенін бірден аңғартады. Сондықтан да әлеуметтік желінің бұғатталуына ата-ана ретінде де, ұстаз ретінде де ешқандай қарсылығым жоқ. Арасында қадағалауда болып, бақылауға алынса біз үшін де тиімді болмақ. Сонымен бірге бұл баланы кибербуллингтен қорғайды. Бұл заңның ең бастапқы қағидасы ғой. Кибербуллинг — өзекті мәселе. Соңғы жылдары сандық техниканың даму себебінен балаларға қатысты зорлық, кибербуллинг немесе онлайн қорлау қосылған. Соның кесірінен жасөспірімдер ғаламтордағы белгісіз топтардың құрбанына айналып, тіпті араларында өз-өзіне қол жұмсайтындары да кездеседі екен. Бала ғаламторда отырғанда не нәрсемен айналысып отыр, қай бағдарламаға тіркелген соның барлығын ата-ана білуі керек. Ғаламтордағы қауіп-қатермен күресу ата-ананың жауапкершілігінде. Олар баланың мінезін, жүріс-тұрысын іс-әрекетін бәрін де бақылауға алуы шарт.

Аида Арман, әлеуметтік желі қолданушысы:

— Жасыратыны жоқ, қазір ғаламтордың күші ғаламат. Карантин кезінде ғаламтор пай-

даланатын балалардың саны күрт асты. Балалар телефондағы бар құрылғыны меңгеріп, барлық бағдарламаны «шашатын» болды. Оның зардабы тиіп жатыр. Себебі кибербуллинг жасайтындардың арасында педофилдер көп кездеседі. Олар балаларды алдап-арбап, желіге жалаңаш түскен видео не суреттерін салуға көндіреді. Кейін сол суреттерді жұртқа жария етемін деп қоқан-лоқы жасау арқылы кездесуге шақырады. Немесе ақша сұрап қорқытады, бұл өмірде кездесіп жүрген жайттар. Ғаламтордан осыған ұқсас бір жайтты естігенмін. 8 жастағы қыз ұялы телефоны арқылы әлеуметтік желіде өзі қатарлы бір қызбен танысады. Ол желіге қызықты видеолар мен жалаңаш түскен суреттерін салуға үгіттейді. Шындығында, бұл желіні өзге атпен тіркелген педофилдер де жиі қолданады. Қыздың бақытына қарай оның телефонын жасырып, мінезінің өзгергенін анасы дер кезінде байқайды. Мұндай жағдайлар қыз бала тәрбиелеп отырған отбасыда кездесіп тұрады. Баланың күндегіден өзгешеліне ерекше мән беріп қараған дұрыс. Бұл — кибербуллингтің шынайы өмірдегі бір ғана мысалы. Мен осы жайтты естіп, қорыққанмын. Бәріміз де қыз тәрбиелеп отырмыз.

Сәрсен Байғараев, психолог:

— Алдымен әлеуметтік желіге тәуелділік мәселесін бағамдау маңызды. Себебі желіге тәуелділіктің әсері өте жоғары. Ақпараттың дәуірінде мұндай ерекшеліктің жақсы да, жаман да тұсын байқауға болады. Оған қоса адам санасын жаулауда ақпараттық соғыс жүріп

жатқандықтан желіге тәуелділік қауіпке айналуы мүмкін. Оны қарапайым мысалмен түсіндіруге болады. Мысалы әлеуметтік желі қолданушылары, әсіресе блогерлер арасында белгілі бір мақсат не тапсырыспен пост, пікір жазатын жағдайлар кездеседі. Олардың сөзі санаға белгілі бір деңгейде ықпал етіп, халық арасында түсініспеушілік туындатып, теріс ақпаратқа итермелейді. Яғни, ондағы жазылатын жағымсыз пікірлер қолданушы психологиясына кері әсер етіп, қоғамда орын алған оқиғаларға теріс көзқарас қалыптастырады.

Келісемін, әлеуметтік желінің мүмкіндігі зор. Пайдалы, табысты тұсы да жетерлік. Алайда бақылаусыз және жүйесіз пайдалану тәуелділік тудырып, өміріңізді өзгертуі ғажап емес. Әсіресе балалардың әлеуметтік желіге тәуелді болмауын қадағалау жөн секілді. Осы ретте ата-аналар баланың қандай сайтқа не топтарға тіркелгенін бақылау керек. Күнделікті ғаламтор пайдалану уақытын белгілеу, шектеу қоюы — қате қадмнан алшақтаудың бірден-бір жолы.

P.S Кибербуллинг — қазір бүкіл әлемдегі өзекті проблема. Мұнымен ең басты күрес жүргізе алатын — ата-ана. Баланы қадағалау арқылы өзгенің кемсітуіне, жамандауына, қорқытуына жол бермеуі тиіс. Ұмытпаңыз, балаңыз кибербуллингтің құрбаны болса, [safekaznet.kz](#) қызметіне шағымданыңыз! Баланың құқығын кемсітуге жол жоқ!

Пікірлерді жинақтаған Мөлдір САБЫРЖАН



кезде ешбір есі дұрыс саясаткер әлеуметтік желіні бұғаттауға жол бермес еді. бірақ бұл мүмкіндік компания иелеріне тиесілі. Әр әлеуметтік желінің өз талабы мен заңы бар. Біздің Үкімет немесе сот сол әлеуметтік желі талабына кереғар контент туралы ескерте алады. Елімізде соңғы болып жатқан оқиғалар дәстүрлі медиаға деген сұранысты арттыратын сияқты. Facebook, Instagram-ның да уақыты өтеді. Мысалы, қазір елдің біразы Тік-Ток-қа ығысып жатыр. Бұл бәсекелестік орта, әлі талай жаңа дүние шығар. БАҚ туралы заңды ұсыналы бірнеше сұхбат бердім. Ол заңда бірнеше мәселе қамтылған. Оның ішінде қазір жиі талқыланып жатқаны тек кибербуллинг мәселесі. Шындығын айтсақ, біздің балаларымыздың тағдыры, оның ішінде психологиялық, әлеуметтік жағы көбін қызықтырмайды. Есесіне әлеуметтік желі жұмысының еркіндігі бәріне қызықты. Мәнінше, бұл хайп тақырып. Өйткені Үкімет расымен әлеуметтік желіні бұғаттағысы келсе, осы заңсыз-ақ, бұған дейін қабылданған заңның 41-ші бабына сай кез келген әлеуметтік желіні толық түрде бұғаттауға мүмкіндігі бар.

Ерболат ТҰРСЫНҚОЖА, медиа маманы:

— Әлеуметтік желіні бұғаттау арқылы баланы кибербуллингтен құтқара алмаймыз. Мұны естен шығармаған абзал. Сондықтан атқарушы билік мәселе-



ЫРЫМҒА СЕНГІШМ-АЙ!

Екі айлық бұзауы бар шұбар бет сиыр мен төлі өзінен айнымайтын қара шолақ қашардың сүті қазанда пісіп жатыр. Апам әлгінде сауып әкелген. Онысын алдымен қазанға құймас бұрын сүзіп алды. Қыл-қыбырдан тазалау үшін кәдімгі дәкені пайдаланады ауылда.

— Біссімлә, — дейді Сары апам сүтті қазанға құйып жатып. Бір қап тезектің үстінде сауысқанша шоқиып отырған маған көзін де салмайды. Өз ісімен әуре.

Қазан астында тезек маздайды. Иісі керемет. Танауыңды қытықтайды. Қора маңындағы мүйізділерден қалып, күн көзіне әбден көпкен жапа лапылдай жанғанда, сіз бен біз құлақ түбіне сеуіп жүрген әлгі «жеванши жентілмен» одекалоныңның иісі әдірем қалсын да.

Айтпақшы, таң атпай Сары апана жағаласып неғып жүр демессіз. Қазан-ошақ басында қасығын жалаңдастып отырған ұлдың бар ойы — қаспақ. Иә, кәдімгі қазан түбіндегі сүттен кейінгі қаспақ. Апам да оны біледі. Білген соң үндемейді. Бар дәмдіні Ежөктің жегенін ол да тәуір көреді. Апамның мен дегенде шығар жаны алабөтен ғой.

— Қаспақ күтіп отырмысың, ей? Әлгінде ғана қой-ешкіні өріске қосуға кеткен кіші ағамның даусы естілді. — Иә. Қоқилана жауап бердім. — Әй, жеме, болмайды саған жеуге. — Неге болмайды?!

— Ертең үлкен жігіт болғаныңда үйленесің. Сол кезде тойыңда жаңбыр жауады.

— Хе, жауа берсін. Тойдан көрі қазан түбіндегі қаспақтың дәмі дымымды құртып тұр.

— Былжыраған батпақ күні тойың болған қандай жаман?! Келген құдалардан да ұят болатын болды.

Ағамның азғыруына шынымен елендей бастадым. Қаспақ құрғырды да қимай тұрмын.

— Сүт ішуге болатын шығар онда. Солай дедім де апамның көзін ала бере ожауды қазан ішіне сүңгіте бергенмін.

— Ей, тоқта, ожаумен ішпе, — деді тағы кіші ағам.

— Ее, неге? — деймін қыңқылдап.

— Ертең келіншегіңнің мұрны қолыңдағы ожаудай болып қалады. Қоңқып, қандай жаман көрінетінін білесің бе?!

— Ааа. Аңыраған күйі ағам қарай бердім. Шыны қайсы, өтірігі қайсы, түрінен ажырата алмайсың. Бет-аузы түк жыбырламай тұр.

— Әй, былшылдапсың, — деді апам осы кезде ағамға кейіп. — Қаспақты да же, сүтті де іше бер, ақұдай. Сені алдап-сулап, қаспақты сілейтіп өзі соғып алмақшы бұл. Жей бер деймін, дәнеңе де қылмайды.

Апамның сөзіне ығылана қоймадым бұл жолы. Ағам рас айтып тұрған секілді. Қасықты тастай сала жаз туа тігілген киіз үйге қарай зыттым. Неге олай еттім?! Сірә, болашақта алар келіншегімнің тұр-түсі мен тойымды қатты уайымдаған болуым керек. Әйтеуір, қаспақ емес, құм жейтіндей қашқаным есімде.

Сәлден соң кіші ағам кесе толы қаспаққа сүт араластырып, таба нанмен қарбыта жеп отырды.

— Ақымақ балам-ай, алдап соқты ғой сені. Сары апам кеңкілдеп күледі. Ал маған тойдың жаңбырлы күні не келіншегімнің мұрны ожаудай болғаны керек емес. Әрі соған сенімді едім де.

Кіші ағамның алдап соғуы мұнымен тоқтамаған. Мектепке бармай тұрып оң мен сол қолыңның қайсы екенін ажырату тым қиын. Кейде аяқ киімнің де теріс киетін кез болады.

— Мәссаған, — дейді ағам басын шайқап. — Аяқ киімнің теріс киіп алғаның ба? Ертең келін ұрлықшы болатын болды-ау.

— Әш, қайдағыны айтпа, сен бала, — дейді Сары апам оған. Жақсы сөз айтсаңшы, қарағым-ау.

Бұл кезде мен жалма-жан аяқ киімнің оң-солын дұрыстап киіп жатамын. Ағам тырқылдай күледі оған.



Солай. Түсіп түстеп, өмірде көрмеген «көрпелес көршісін» мұрынбоқ кезінен уайымдап, соған зияным тимесін дейтін мына біз, еркектер қауымы шынымен мықтымыз ғой.

Иә, кішкентай кезінде нанның қиқымын көп жеп, өскен соң «бай болмай» қалған жігіттен аз-маз хикая еді ғой бұл.

Жетіншіні бітіріп, сегізінші класқа барар тұста Сары апамды жек көріп қалдым. Ол да мені жақсы көрмейтіндей еді. Солай болды бала түсінік.

— Өтірік жақсы көреді екенсің, шын жақсы көрсең оларға бермес едің?! Осылай деп еңкілдеп жылаймын. Апамның тізесінде. Күн иісі әбден сіңген көйлегі менің жасымнан әбден су болған. Жарылған алақанымен басымды қайта-қайта сипайды. Тым-тырыс.

Апам әлі үндемейді. Өлденеге іштей бекініп алған. Тас-түйін. Жылай-жылай сілем де қатты. Өзіме ғана жұмсақ, басқасына онша мойын бұрмайтын кемпірдің бүгінгі шешімі тым қатты еді.

— Ақұдай-ау, өзің шыққан жатырыңнан жерің-ау. Үһілеген күйі осылай деді бір кезде. Сөйлеп отыр. — Мені қашанғы жүреді дейсің. Өлсем, қаласың тағы жалтақ болып. Көрінгенге түртпектетпей көзім тіріде үйіріңе қосайын...

Алты айлығыңда бауырына басқан Ежөкті туған әке-шешесіне табыстыруды шешті солай. Туыс ағам Муканың көк трак-

ша берер ме?! Әрі-беріден мұрны шуылдап, кейбірі пысылдап тыныш тапты. Қасқа тайөгіз ғана тынышсыз. Мүйізін әрі-бері шайқайды. Болмаған соң ол да жанындағы енесіне, қара қасқа сиырға мүләймсі түсініксіз мөңірейді.

«Ех, қасқа өгіз, сен бақыттысың. Кетсең қасыңда апаң бар. Апаңмен қайда барсаң да бола бермей ме?! Ал менің апам мені басқа ауылға жібермек. Қасында жүргенін қаламайды. Жек көрем апамды. Сенің қасқа сиыр-апаң да солай етсе, сен де жақсы көрмей кетер ең...» Осылай менің ішкі ойым. Жылап отырып қасқа өгізге мұң айтамын.


Кіші ағам кабинадағы екінші орынға отырған. Мені жеткізіп, әке-шешеме аманаттамақ. Апамның тапсырмасы бұл. Күні бұрын піскен шаруа еді.

Мука аға

ді. Біз Бекарыстан би ауылынан ұзай бердік. Аппаммен осылай айырылыстық.

Мұнда мен томсарып қана жүремін. Жаңақұрылыста-дағы. Бар жақсыны аузыма тосса да. Тіпті, жаңа оқу жылына қарсы бар жаңа киім мен кітап құралдарын әперген туған шешем Ұлекеңе де мойын бұрмаймын. Сабақтан келіп көбіне үнсіз қаламын. Туыстай ғана болып қатысқан туған әкең мен шешенді қабылдау — тым қиын. «Әй, бүйрегің бұрып, ішің бүлкілдей соларды жақсы көріп тұрсың» дейтіндерді бос еңгіме. Мен апамды ғана жақсы көретінмін.

ашытар сұрағы көп. Тест деген тірлікті бұзған апамның денсаулығы.



Апам бізден алысқа кетіпті. Иә, Құдайдың өзі ғана білер мекенжайға.

Кейін есіткенім ғой. Ұзақтан бері сырқатын ешкімге айтапаған Сары апамды ауру меңдеген. Жан қиналысын сезген ол қайтыс боларынан бұрын мені қатты іздепті. Таяққа сүйеніп жолға қарайтын көрінеді әлсін-әлсін.

— Ана бала көрінбей ме?! — Шақыртайын ба, апа? — Үністетіне (институт)дайындалып жүрген болар, мазаламайық.

Соңғы күні қайта іздеген. Көргісі келген ғой марқұм. Ауру әбден жеңген апамның кіттей Ежөгін қайта-қайта іздегені мұндағыларды аландатыпты.

— Апа, шақыртайыншы. Кенже ағамның бұл өтінішін тағы қабылдамаған.

— Шырағым, — депті апам әбден қалжыраңқы дауыспен. — Мен енді ұзамаспын. Ана жаназа мен қонақасыға сояр малыңды даярлай бер. Жан-жаққа мен аттанған соң хабар берерсің... Осылай үзіп-үзіп әлсіз үнмен тапсырмасын берген.

— Ежөк ше?! — Жоқ. Бақұлдасуға байқұс баланың жүрегі шайлығар. Келіп топырақ салса болғаны. Еее, ақұдай-ау, жарығым-ау сол, сол жылы кетерінде қатты шырқырап жылап еді...

Апам сол күні үзілген еді. — Сені сұрай берді соңында, — деді жанында болған төтемнің бірі жаназа үстінде. — Ауық-ауық сені айтумен кетті ғой апам. Қатты қиналды. Ақырғы демінде алғанда көйлегі сығып алатындай болып тұрды. Осылай дейді де «апам-ау» деп жоқтауын жалғастыра беретін...

Иә, одан бері қанша уақыт өтті. Таңқы мұрын бозбаланың апасы жоқ бүгінде. Бірақ апасы айтқан әр құндылық есінде. Әрі оның бәрі қазақы құндылық, қазақы тәрбие еді.

Ауылға барсам... Ауылға барсам апам еске түседі.

Шығармалар авторы
Ержан ҚОЖАС

АУЫЛҒА БАРСАМ...

торымен аттандырды. Менде қайбір дүние болсын?! Көрші Жаңақұрылыста тұратын әкейдің еншісі бар. Бас-алты бас ірі қара. Солар тиелген телешканың бір бұрышына жайғастым. Мүйізділер өзге жаққа аттанғанын сезгендей тыпыр-Арқанмен төрт аяқ


тырыл-даған тракторын солқ еткізіп жүргізе бастады. Солқ еткен көлікпен жүрегім де тарсылдап кетті.

— Апааааа! Апа-ау! Телешканың өрнеуіне жабысқан күйі еңірей айқайлаймын. Апам есітті ғой. Неге шықпайды?! Жоқ, шықпады. Бәлкім, өзі де шыдамас па еді? Қимайтынын білем ғой. Сол тастай беріктігімен қала бер-

Апама ренішім тез басылған. Араға ай салып, ауылға қайта келдім. Демалысқа ғана. Келе құшағына сүңгігенмін. Иіскеп ұзақ тұрды. Көзінде жас. Омырауына мұрнымды тыға бердім. Апамның иісі керемет еді...

Он бірінші кластамыз. «Папа-мама» демесек те, әке-шешем бұрынғыдай емеспін. Атын атап үйренген ауыз әлі де сол дағдыдан шыға алмай қалды. Солай жүргенде ғой. Хабар келгені. «ҰБТ» деген дүниенің қолданысқа енген жылдары.

Соған сүрнігіп дайындаламыз. Айналдырған төрт пәннің ми



«ҚАЙСАР» МАУСЫМДЫ ЖЕҢІСПЕН БАСТАДЫ



Қызылордалық «Қайсар» ел біріншілігінің маусымашар кездесуінде «Оңтүстік академияны» қабылдап, 3-1 есебімен жеңіске жетті.

Матчтың алғашқы жартысында «қасқырлар» бірнеше шабуыл ұйымдастырды. Кездесудің 20-минутында Кирилл Сидоренко Павловтың қақпасынан саңылау тауып, есеп ашты. Кириллдың сәтті соққысынан кейін қос команда нәтижелі шабуыл сәтті соққысынан кейін қос команда нәтижелі шабуыл сәтті соққысынан кейін қос команда нәтижелі шабуыл

ұйымдастыра алмай, үзіліске бет алды. Кездесудің екінші жартысын «Қайсар» ширақ бастап, Руслан Сахалбаев дубль авторы атанды. Қонақтар кездесудің соңында пенальти тебуге мүмкіндік алып, есеп айырмасын қысқартты. Қорытынды есеп 3-1.

Қайсар: Салайдын, Дылевский (Сарбай 86), Жоау Педро, Жұмаханов, Горизанов, Құлмағанбетов, Байжанов (Сламбеков 66), Сахалбаев (Горшунов 66), Мамаду (Алтынбеков 61), Сидоренко (Махан 86).

ТОЛАҒАЙЛАР ТАРТЫСЫ



Еліміздің белді зілтеміршілері Қызылорда қаласында бас қосты. Себеп ауыр атлетикадан Қазақстан чемпионаты. Аталған ел біріншілігі алты күнге жоспарланған. Қатысушылар 20 салмақ дәрежесінде өзара мықтыны анықтайды.

Жарыстың алғашқы күндері 45, 49, 55, 59, 64, 67, 71 келідегі зілтеміршілер жарыстың көркін қыздырды. Бүгін 73 келідегі ерлер бақ сынаса, арулар 76 және 81 келіде мықтыны анықтады.

Қазақстан чемпионатының жарыс кестесі

21 СӘУІР, БЕЙСЕНБІ
11.00-13.00 Ерлер 73 келіге дейін
15.00-17.00 Әйелдер 76, 81 келіге дейін
22 СӘУІР, ЖҰМА
11.00-13.00 Ерлер 81 келіге дейін
15.00-17.00 Әйелдер 87 келіге дейін, 87 + келі
23 СӘУІР, СЕНБІ
11.00-13.00 Ерлер 89, 96 келіге дейін
15.00-17.00 Ерлер 102, 109 келіге дейін, 109 + келі

ҚАЗАҚСТАН ФУТЗАЛ ЛИГАСЫ ҚҰРЫЛАДЫ



Қазақстан футбол федерациясының қабырғасында елімізде футзалды дамыту бойынша жиын өтті. Жиында Қазақстанда көсіпқой футбол лигасын құру туралы ұсыныс бірауыздан қабылданды. Шешімді футзалдан OLIMPBET-Қазақстан чемпионатының барлық клубы қолдады.

Лига президенті лауазымына Асқар Әбілдаев сайланды. Ол бұған дейін Қазақстан футбол федерациясының футзал департаментін басқарған болатын. Ұйымның негізгі қызметі – футзалдан ішкі жарыстарды ұйымдастыру. Атап айтқанда, OLIMPBET-Қазақстан чемпионаты, OLIMPBET-Қазақстан кубогы, OLIMPBET-Қазақстан Суперкубогы және барлық жас ерекшелігі бойынша ел біріншіліктері (U-13, U-15, U-17) өткізу.

Сондай-ақ күн тәртібіне футзалдан Қазақстан Бірінші лигасын құру және жаңа маусымнан бастап футзал командаларын сертификациядан өткізу мәселелері қаралды.

ТАБЫСТЫ СПОРТШЫЛАРДЫҢ ТІЗІМІ ЖАҢАРДЫ

Спортшылардың әл ауқатын жариялайтын әйгілі Forbes журналы жуырда жаңа тізімді ұсынды. Нақтырақ айтсақ, материалдық тұрғыдан ең көп олжаға кенелген спортшылардың рейтингі шықты. Әдетте үздіктер тізімінің алдыңғы легінен футболшылар мен теннисшілерді немесе гольфшылар мен кәсіпқой боксшыларды көретін едік. Бұл жолы олай болмады. Журналдың есебі бойынша бай-қуаттылар көшін атышулы ирландиялық аралас жекпе-жек шебері Конор Макгрегор бастап тұр.

Бір қызығы, спортшы былтыр небәрі екі кездесу өткізіп, өзінің сыралғы қарсыласы – америкалық Дастин Порьемен техникалық нокаутпен ұтылды. Октагонда бар-жоғы 752 секунд айқасты. Соның өзі байлыққа белшеден бату үшін жеткілікті болды. Ирландия өкілінің таза спорттағы табысы 22 миллион доллар құраса, жарнамадан түскен кіріс – 158 миллион доллар. Барлығы – 180 миллион доллар. Үлкен

өмірін сантехник болып бастаған қарапайым жұмысшы қазіргі кезде үлде мен бұлдеге оранып отыр. Не ішемін, не жеймін демейді. Керісінше, ақшасын қайда жұмсарын білмей, түрлі брендтер ойлап табуда. Конор осының барлығына өзінің еңбегі мен табандылығы, ептілігі мен іскерлігінің арқасында қол жеткізді.

Бай-қуатты спортшылардың тізімінде екінші және үшінші орындарды әлемдік футболдың шоқжұлдыздары – Лионель Месси мен Криштиану Роналду өзара бөлісуде. Аргентинаның мақтанышы 130 миллион (еңбекақы мен сыйақы – 97 млн доллар+жарнама – 33 млн доллар) табыс тапса, португалиялық сұрмергеннің кірісі – 120 млн доллар (70 млн доллар+50 млн доллар). Сондай-ақ «ТОП-10» спортшының қатарында америкалық футбол өкілдері Дак Прескотт (107,5 млн доллар) пен Том Брэди (76 млн доллар), баскетболшылар Джеймс Леброн

(96,5 млн доллар) мен Кевин Дюрант (75 млн доллар), футболшы Неймар (95 млн доллар), теннисші Роджер Федерер (90 млн доллар) және «Формула-1» спортының серкесі Льюис Хэмилтон (82 млн доллар) сынды



спортшылар бар. Forbes

ең көп табыс тапқан әйелдердің де есімін жария етті. Бұл тізімге мына спортшылар енді: Наоми Осака (теннис) – 57,3 млн доллар, Серена Уильямс (теннис) – 45,9 млн доллар, Винус Уильямс (теннис) – 11,3 млн доллар, Симона Байлз

(спорттық гимнастика) – 10,1 млн доллар, Гарбинье Мугуруса (теннис) – 8,8 млн доллар, Ко Джин Янг (гольф) – 7,5 млн доллар,



18%



18%

Пусарла Венката Синдху (бадминтон) – 7,2 млн доллар, Эшли Барти (теннис) – 6,9 млн доллар, Нелли Корда (гольф) – 6,2 млн доллар және Кэндис Паркер (баскетбол) – 5,7 млн доллар.

Елімізде ғасырдан астам тарихы бар велоспорттың елеулі сәті көп. Жерлестеріміз Сергей Капустин мен Марат Сатыбалдиевтердің жетістігі велоспортқа дем берді. Қос алыптың тарихи жеңістерінің арқасында жастардың дені аталған спортқа ауа бастады. Соның бірі – Аслан Сыйлықбек. 17 жастағы велошабандоз ел намысын абыроймен қорғап жүр. Азия ойындарында жүлде салған жүйрікпен аз-кем тіл-дескен едік.

кезде 10-11 жастағы баламыз. Мүмкін сол жарысқа қатыспағанда велоспортқа деген махаббат жоғалып кетер ме еді?! Жаттықтырушыларым тәуекелге бел буып, қалың топтың арасына қосып жіберді. Тур де Франц жарысына

Қазақстан біріншілігі өтеді. Жылдамдықты қажет етеді. Жарыста ширақ қимылдаған спортшы ғана топ жарады. Негізінде бір бүйірім осы велотрекке бұрып тұрады. Сан мәрте Қазақстан жеңімпазы атандым.

– Қай спортшыны қарасаң да үлгі тұтар тұлғасы бар. Сіз де қалай?

– Әрине бар. Словениялық



«ТУҢҒЫШ ЖҮЛДЕМ ҮЛКЕН СПОРТҚА ЖОЛ АШТЫ»

– Аслан, әңгіменің әлқиссасын өзіңнен бастасақ...

– 2005 жылы Қызылорда қаласында дүниеге келдім. Ойын баласы болдық. Велоспортқа келуімің өзі қызық болды. Ауладағы достарыммен кеңесіп, велоспортқа барамыз деп шештік. Сондағы мақсатымыз – велосипед алып, аулада айдау. Діттеген мақсатымызға жеттік (күліп). Түбегейлі спортпен айналысамыз деген ой болмады. Аслан және Жандос есімді бапкерлерімің арқасында 6 жылға жуық уақыт болды велосипед үстінде келеміз.

– Естуімізше, алғашқы жарыста қатысуға жасың жетпеген екен...

– Иә, дәл солай.

Жаттығуға бойымыз үйрене бастаған соң жарыстарға талпынып жүрдік. Облыстық ашық біріншілік өтетін болды. Сол

қатысайын деп жатқандай әсер алғаным бар. Ең кішкентай қатысушы болсамда сол аламанда екінші орынға табан тіредім. Осылайша алғашқы жарыстағы жүлдем үлкен спортқа жол ашты.

– Велоспорттың қос тармағы бар. Бірі – велошоссе, енді бірі – велотрек. Екеуінің ерекшелігіне тоқталайықшы. Сіз үшін қайсысы тиімді?

– Екеуінің айырмашылығы жер мен көктей. Велошоссе – табиғат аясында өтеді. Шақырымы да ұзақ. Жарыс алаңын талғамайды. Тауға қарай биікті де бағындыруға тура келеді. Ал велотрек – үлкен спорт алаңында болады. Елімізде мұндай жарыс алаңы біреу ғана. Сондықтан елордадағы Сарыарқа велотрек алаңында

велошабандоз Тадей Погачар қазір әлем жұлдызына айналды. Жетпеген жетістігі жоқ. Токио Олимпиадасының қола жүлдегері. Саңлаққа Олимпиаданың алтыны ғана бұйырмай тұр. Сол спортшы қазір кумиріме айналды. Еңбекқорлығы мен спортқа жанауырлығы қатты ұнайды.

– 5 жыл ішінде көп белесті бағындырдың. Десек те жеткен жетістігіңнің ішінде қайсысы өзіңе ыстық?

– Өткен жылы велоспорттан Қазақстан біріншілігі Қызылорда қаласында өтетін болды. Жарыстың жалпы шақырымы 80 шақырымды құрады. Пандемиямен

арпалысқан тұс. Кеселдің кесірінен біршама жаттығуларымыз да тұралап қалды. Нақты айтсақ, қаулыға сәйкес жаттығу өткізуге тыйым салынды. Сол себепті біраз бабымызды жоғалтып алғанымыз жасырын емес. Туған жерде өтетін болғандықтан намысты қолдан бермеу керек. 130-ға жуық шабандоз жиналды. Соның арасынан суырылып, 1 орын жеңіп алдым. Сол жүлде қиындықпен келгендіктен салмағы мен үшін ауыр болды.

– Асланды алда қандай жарыстар күтіп тұр?

– Нұр-Сұлтан қаласында соңғы дайындық жұмыстарын жүргізудемін. Бүгін сәтін салса велотректен Қазақстан чемпионатына қатысамын. Биыл мен үшін жарыс жылы болмақ. Одан бөлек Азия біріншілігі келе жатыр. Сондай-ақ 11 мамырда Францияның астанасы Парижде халықаралық жарыста ел намысын қорғаймын.

– Сәттілік серігің болсын!

Әңгімелескен
Ерасыл ШӘРІБЕК

Қымыз мерекесі күнтізбеге енсе екен



Есімім емес, өткен еңбегім еленсе дейтін, атасының емес, халқының баласына айналған азамат көп. Мінбеде тұрып ұрандамай-ақ, ұлттық құндылықтарды ұлықтап жүрген Сәрсенбай Оспанұлы – сондай азаматтың бірі де бірегейі. Бүкіл ғұмырын ұсталыққа арнап, маңдай тердің мерейін көріп жүрген «Еңбек ардагері» жақында он жеті облысты түгел аралап шығуды мақсат етіп, сапарға шықты. Алғашқы аялдама – Қызылорда облысы. 72 жастағы жиһангез кейіпкерімізбен ұзақ жолды сапар, ұлттық құндылықтарымыз жайлы сұқбаттасқан өдік.

– Ата, он жеті облысты жаяу сапарлау идеясы қайдан келді?
– Өзім 1950 жылы Жаңарқа ауданы Атасу поселкесінде қарапайым отбасында дүниеге келдім. Өке-шешемнің бізге, балаларына көрсеткен әнегесі еңбек пен бейнет жолы болды. Алғаш 17 жасымда жүк тиеуші боп жұмысқа орналастым да, кейін әр жылдары құрылысшы әрі автокраншы, өндіріс бойынша оқытудың шебері, шаруашылық бөлімінің меңгерушісі, агроном,

ойлағанмын. Соның сәті биыл түсіп, сапарға шықтық. Сапарды қазақтың шаңырағы Ұлытаудан бастадым. 31 наурызда Ұлытаудан шығып, Жезқазғанға соқтым да, сонда өз үйіме қондым. Арбамады жөндедім. Содан 3 сәуір күні қайта жолға қамданып, Қызылордаға бағыт алдым. Жол жаман, күніне 40 шақырым әрең жүріп отырдым. Жоспарға сай 13 сәуір күні таңертең осында жеттім. Қызылордалықтар құрметпен күтіп алды. Алдымен дәрігерлер қан қысымымды, денсаулығымды тексерістен өткізді де, бәрі жақсы екеніне танданып, риза болып қалды.

– Бұл алғашқы сапарыңыз

Менің бұл сапарға шығуыма қолдау көрсетіп жүрген бір-екі адам бар. Ұлытау қорық-музейінің директоры Бақтияр Қожахметов есімді азамат телефон арқылы хабарласып, жолда жағдайымды біліп отырады. Далада жүргендіктен бет пен қол терісі жарылып кетеді. Алғашқыда соған арналған жақпа майларды, визиткаларды ұмытып кетіппін. Міне, сол азамат көлігімен әкеп берді. Одан бөлек әлеуметтік желіні жүргізуге Бақтиярдың ұлы көмектеседі. @ulytaumen деп ашылған инстаграм парақшамда 8000 оқырман бар.

Алдымнан шыққан адамдар елсіз жолда, түнде қасқырлар жолықпай ма деп сұрайды. Қазір қасқырлардың тоқ кезі. Сондықтан ол жағынан айтарлықтай қорқудың қажеті жоқ. (күлді)

– Шыны көрек, сіздің бұл сапарыңыз ерлікке тең. Мақсатыңызбен бөліссеніз...

– «Жол мұраты – жету» дейді ғой бабамыз. Дегенмен осынау сапарға шығуға асығуым бекер емес. Жөн сұрағанның бәріне ерінбей айтып, ой тастап келемін. Негізінен үш мақсатым бар. Бұл сапар «Ұлытауға бардың ба...» деп аталады. Қазақстанның тарихи-географиялық орталығы, шаңырағы Ұлытау туралы аңыз-әңгіме, тарихи фактілерді алдымнан шыққандармен бөлісу арқылы насихаттауды мақсат еттім. Екіншісі – қазақтың ұлттық қолөнер шеберлерімен жүздесіп, тізімін түгендеген соң ЮНЕСКО-ға беру. ЮНЕСКО-ның өкілдері қазақстандық қолөнер шеберлерінің тізімін толық ала алмай отыр. Осындай сапарға шыққаннан кейін маған аманатын сеніп тапсырды. Қазақстан бойынша 3000-дай қолөнер шебері бар деген ақпаратты естігенбіз. Бірақ аты-жөні, шығармашылық жұмыстары тіркелмеген. Қызылордаға жеткенше 10-нан аса адамды тіркедім. Осы орайда Үкімет басшысы ұлттық өнерді ұлықтап жүрген қолөнерші, ұсталарға қолдау көрсетсе деген тілегім бар.

Үшінші мақсатым – ертеден тойланып, қазір елеусіз қалған «Қымыз» мерекесін жандандыру. Оның емдік қасиеті бар екенін бәрі біледі. Президент ұмытылып кеткен ұлттық мейрамымызға бір күнді тағайындап, күнтізбеге мереке ретінде енгізіп берсе, бір асқақтап қалар едік. Дүние жүзінде жылқыны қолға үлгерген, қымызын ішкен – біз. Демек ұлттық дәстүрімізді сақтап қалу бүгінгіңнң еншісінде тұр. Осы

еңбегіміздің, мақсатымыздың нәтижесінде әлеуметтік желілер мен БАҚ өкілдері арқылы Ұлытаудың тарихы және қолөнершілердің ұсыныстары насихатталып, жақсы бастамаларға себеп болады деген ойдамын.

– Келесі қай өңір?

– Ұлытаудан Қызылордаға дейін 600 шақырымға жуық жер ғой. Бұл басы ғана. Бұйырса алға қойған мақсатыма сай он жеті облысты аралап шығамын. Үлгерсем, қарашаға дейін, үлгермесем, қысты өткізіп, жаз шыққан соң қайта жалғастырамын. Жалпы жүретін жер көлемі – 7400 шақырым. Ұлытау – Жезқазған – Қызылорда – Түркістан – Шымкент – Таразы – Алматы – Талдықорған – Аягөз – Семей – Павлодар – Нұр-Сұлтан – Көкшетау – Петропавл – Қостанай – Ақтөбе – Орал – Атырау – Ақтау. Соңғы аялдама Ақтау қаласымен бітеді.

Күніне 40 шақырым жүремін деп жоспарлағанмын. Алайда алдымнан шыққан адамдар бұл сапарыма қызығып, жөн сұрасып, Ұлытаудың тарихымен бөлісіп, көбінесе соған уақытым кетіп қалады. Қызылордаға 13 сәуірде жеттім. 15-22 сәуір Қызылорда – Түркістан бағытында 8 күн жүрім керек. 23-24 сәуір демалыс. Осылай қарашаға дейін жоспарлап қойдық. Амандық болса, мақсатымды толыққанды орындаймын.

– Қайда жүрсеніз де, сапарыңыз оң болсын!

Өңгімелескен
Дина БӨКЕБАЙ



екен. Жолға шыққанда қажетті затты ұмытып кетпедіңіз бе?

– Елсіз жолда жалғыз, жаяу жүру оңай емес. Өзіме қажетті заттарды арбаға саламын да оны итеріп жүремін. Арбада қажеттінің барлығы бар. Бір жағынан өзіме салмақ түспейді, бар күш арбада. Екінші жағынан алыстан көрген машинелерге, адамдарға жай келе жатпағаным білінеді, яғни тегін жарнама. Жолда жүзден аса көлік арнайы тоқтап, жөнімді сұрап, мақсатымды біліп қуанып жатыр. Бірақ көпшілігі Ұлытауды білмейді екен. Ұлытауды білсе де, тарихын білмейді. Көбісі бірінші рет естіп тұрмын деп таңданысын жасырмайды.

архитектура бөлімінде көлік жүргізуші, шебер, темір ұстасы, ағаш шебері, құрылысшы, алюминь қорытушы ретінде біраз салада еңбек атқардым. Осылайша зейнетке шықтым. Бірақ бос отыруға шыдамаймын, әлі күнге дейін ұсталық жасап келемін.

Осыдан 5-6 жыл бұрын Қазақстанның барлық облысын түгел жаяу жүріп өтсем деп

JULDYZ - JORAMAL

(21-28 сәуір)



Тоқты

Бұл аптаны отбасыңызбен өткізіңіз. Жұмысты, жоспарды ысырып қойып, жақындарыңыздың қасында болыңыз. Өмірдің қызығын сезініп, отбасылық жылулықтың қадірін түсініңіз. Апта сіз ойлағаннан да қызықты өтеді.

Торпақ

Аптада жоспарыңыз түгелдей орындалады. Сол себепті уақытты үнемдеген жөн. Сізді ерекше мүмкіндік күтіп тұр. Сондықтан барлық жақсылықты қуана қабылдай біліңіз. Бастаған істі соңына жеткізу де жаңа мүмкіндік сыйлауы ықтимал.



Егіз

Уақытыңызды текке өткізе бермеңіз. Батыл әрі нақты сөйлей біліңіз, бір айтып, ойыңыздың орындалуы екіталай. Осы аптада көп нәрсе түсініксіз. Жағдайдың «қалт-құлт» етіп тұрғанын сезесіз, оны жылдам шешу қиынырақ.

Шаян

Көп уақытты серуендеп, көңіл көтеруге арнаңыз. Қиын күндерді ұмытып, жаңа күнге жаңа көзқараспен қараңыз. Бұл апта сіз үшін өте маңызды, сондықтан шешімді асықпай қабылдаңыз!

Арыстан



Бикеш

Жақыныңызға сізден көмек керек болады, сондықтан қасында болғаныңыз жөн. Егер бір кездесу бола қалса, ол сіздің өміріңізді өзгертуі де мүмкін. Апта соңында күтпеген тосын сый болғалы тұр.

Таразы



Жоспарыңыздың көп бөлігі орындалайын деп тұр. Егер сіз тырыссаңыз керемет жұмыс тауып қалуыңыз мүмкін. Жақын жандардан да көмек сұраған жөн. Осы кезеңде сіз кез келген қиындықты жеңе аласыз. Бұл әсіресе жұмыс, іскерлік қатынастар мен материалдық салаға қатысты.

Сарышаян

Айыңыз оңынан туып, жұлдызыңыз жарқырайтын күн алыс емес. Жақындарыңыз қолдау көрсетіп, өзіңізді тағы бір қырыңыздан көрсететін кез туды. Егер осы бетіңізден таймасаңыз, аз күнде биіктен көрінетінін анық.



Мерген

Махабатта жолыңыз болады. Тек жүрегіңізді тыңдаңыз. Қаражат жағынан қиындық туындауы ықтимал. Сондықтан қаржыңызды үнемдеп жұмсаңыз. Жұлдыздар көп серуендеуге кеңес береді.

Тауешкі

Қаражат жағы қалтаңызды жұқартуы мүмкін. Қиындық туындауы ғажап емес. Жақын арада көсіп бастауыңыз да бек мүмкін. Алайда тәуекел жасауға асықпай, сабырмен қадам жасаңыз. Мақсатқа қадам жасауда сақтық артық етпейді.



Суқұйғыш

Өз күшіңізге сенесіз, әлі талай белесті бағындырасыз. Тек жоспарды бір пысықтап алыңыз. Отбасылық демалыстың сізге тигізер пайдасы зор болмақ. Жұмыс пен үйдегі қарым-қатынас үрдісін араластырудан аулақ болыңыз.

Балық

«Жұмыс, қызмет» деп өзіңізді ұмытпаңыз. Айналаңыздағы адамдардан жасқанбай, батылырақ болыңыз. Ойыңызға келген мақсатты нақты жоспарлап, іске асырыңыз. Жаңыңыз қалаған нәрсені жасауға ұмтылған артық емес.



Кезекші редактор: Ерасыл ШӘРІБЕК

АҚМЕШІТ жастары

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеуге алынып, №13844-Г куәлігі 26.08.2013 жылы берілген. «Ақмешіт жастары» облыстық газеті КР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢАРБАЕВ

Қабылдау бөлмесі:
тел/факс: 40-11-10

БАС РЕДАКТОР
Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8 /7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 /7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018 Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
e-mail: aqmeshit_zhastary@gmail.com
Instagram: @aqmeshiit_zhastary / сайт: aqmeshit_zhastary.kz

Таралымы: 8059
Тапсырыс: 609